



АҚОРДА

ҚАЗАҚСТАН-ИОРДАНИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



Иордания Королі ІІ Абдалла бен әл-Хусейн Астанаға ресми сапармен келді. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Иордания Королін Астана әуежайынан қарсы алды. Ақордада Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Иордания Королі ІІ Абдалла бен әл-Хусейннің салтанатты кездесуі өтіп, екі ел арасындағы өзара сенімге құрылған ынтымақтастық жаңа серпін алды. Бұл сапар Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасындағы байланыстарды нығайтып қана қоймай, өңірлік тұрақтылық пен жаһандық диалогқа тың тыныс берді.

Қазақстан Президенті Астанаға шақыруын қабыл алғаны үшін Корольге алғыс айтып, жыл басында Амманға жасаған сапарын ықыласпен еске алды.

— Ұлы Мәртебелі, Қазақстанға қош келдіңіз! Сіздің ресми сапарыңыз біз үшін зор мәртебе. Бұл Сіздің елімізге алғашқы келуіңіз емес. Қазақстанның қазіргі өркендеу жолына жіті назар бөліп отырсыз. Екіжақты күн тәртібінде жүзеге асырылуға тиіс бірқатар мәселе бар. Кеше екі ел арасындағы қарым-қатынастарға, сондай-ақ халықаралық күн тәртібіне қатысты мазмұнды әңгіме өрбіттік. Сіздің жаһандағы жағдайды жетік түсінетінін бізге өте ризамын. Бүгін де пікір алмасуды жалғастыруға мүмкіндігіміз мол. Иордания мен Қазақстан арасындағы екіжақты ынтымақтастық табысты дамып келеді. Дегенмен тиісті деңгейде талқылауды қажет ететін мәселелер де жоқ емес, — деді Президент.

ІІ Абдалла екіжақты қарым-қатынасты одан әрі нығайтудың маңызын атап өтіп, сауда-экономикалық ынтымақтастықты арттыруға дайын екенін растады.

Қасым-Жомарт Тоқаев пен ІІ Абдалла бен әл-Хусейн келіссөзді екі елдің ресми делегация мүшелерінің қатысуымен жалғастырды. Мемлекет басшысы Қазақстанның Иорданиямен өзара тиімді ынтымақтастықты дамытуға ерекше мән беретінін жеткізді.

Қасым-Жомарт Тоқаевтың айтуынша, Қазақстан мен Иорданияны саяси және экономикалық тұрғыдағы ортақ мүдде ғана емес, дін, толеранттылық дәстүрі және өзара құрмет секілді ғасырлар бойғы құндылықтар біріктіреді. Екі ел әлемге сан алуан мәдениет пен конфессиядағы халықтардың тату-тәтті өмір сүріп, адамзат дамуына үлес қоса алатынын көрсетті.

ІСКЕРЛІК БАЙЛАНЫС АРТАДЫ

Король ІІ Абдалла қос мемлекеттің достығын жоғары бағалайтынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев Аммандағы кездесу барысында тараптар тауар айналымын 500 миллион долларға дейін ұлғайтуға уағдаласқанын еске салды. Қазақстан Иордания нарығына жалпы құны 250 миллион доллар болатын 60 өнім түрін экспорттауға дайын.

Президент «Қазатомөнеркәсіп» ұлттық компаниясы мен Иордания уран өндіруші компаниясының (JUMCO) атом өнеркәсібін дамыту саласындағы ынтымақтастығына қолдау білдірді.

Президент Иордания делегациясына еліміздің халықаралық көлік-логистика желісін кеңейту бастамалары туралы мәлімет беріп, Орталық Азия мен Таяу Шығыс арасында интермодальді жүк тасымалын бірлесе өркендету мүмкіндіктерін қарастыруды

ұсынды. Бұдан бөлек, ауыл шаруашылығы, туризм, цифрландыру салаларындағы ықпалдастықтың әлеуеті зор.

Өз кезегінде Иордания тарапы медицина, фармацевтика, халал индустриясы және қорғаныс өнеркәсібі бағытындағы тәжірибесімен бөлісуге ниетті. Сонымен қатар Royal Jordanian әуе компаниясы келесі жылы Амман мен Алматы арасында тікелей әуе рейсін ашуды жоспарлап отырғанын жеткізді. Бұл қадам екі елдің азаматтары мен іскерлік ортасының байланыстарын жандандырады.

Бұдан бөлек, тараптар мәдени-гуманитарлық ынтымақтастықты кеңейтуге, соның ішінде бірлескен ғылыми-зерттеу жобаларын жүргізіп, университеттер арасында серіктестік орнатуға қызығушылық танытты.

Жүздесу соңында Иордания Королі ІІ Абдалла Президент Қасым-Жомарт Тоқаевқа Иордан Хашимит Корольдігінің «Әл-Нахда» жоғары орденін тапсырды. Король Мемлекет басшысының Иордания мен Қазақстан арасындағы достық пен ынтымақтастықты нығайту ісіне елеулі үлес қосқанын атап өтті.

Президент Қасым-Жомарт Тоқаев Корольдіктің жоғары мемлекеттік награда-сымен марапаттағаны үшін ІІ Абдалла бен әл-Хусейнге және достас иордан халқына алғыс айтты.

(Жалғасы 2-бетте)

ТӘУЕЛСІЗДІК КҮНІМЕН ҚҰТТЫҚТАДЫ



Мемлекет басшысы Молдова Президентіне құттықтау жеделхатын жолдады.

Қасым-Жомарт Тоқаев Майя Санду мен Молдова халқын Тәуелсіздік күнімен құттықтады.

Президент жеделхатында екі ел арасындағы сан қырлы ынтымақтастықты одан әрі нығайтуға дайын екенін жеткізді.



КОНСТИТУЦИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, ол елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылымын, сайлау жүйесін, мемлекеттік органдардың ұйымдастырылуы мен қызмет етуінің принциптерін, азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындайды.



Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қаңтарда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымындағы IX сессиясында қабылданды. Бұл Конституция құрылымы жағынан кіріспеден, 4 бөлімнен, 21 тараудан және 131 баптан тұрды. Оған Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алған сәттен бастап қабылданған көптеген құқықтық, яғни халық егемендігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, билік тармақтарына бөліну принципі, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуы, Президенттің Мемлекет басшысы ретінде мойындалуы, сондай-ақ Жоғарғы, Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар сияқты сот органдары және басқа да нормалар енгізілді.

→ 4

ҚОҒАМ



ҚЫМБАТ ЕТТІҢ БАҒАСЫ, ЖЕТЕ МЕ ЖҰРТТЫҢ ШАМАСЫ?

Қазақстанда сиыр етінің бағасы ел тарихындағы ең жоғарғы межеге жетті. Сарапшылар мұның бірнеше факторын атады және бағаның қазіргі белесте қалмайтынын, әрі қарай өрістейтінін ескертті. Ауыл шаруашылығы ведомствосы мұнша қымбаттауға еш себеп жоқ, тапшылық та тіркелмеді деген сенімде. Қымбатшылыққа тосқауыл қою үшін не істелмек?

→ 5

ҚАЗАҚ КИНОСЫ ҚАЙДА БЕТ АЛДЫ?


Осыдан он жыл бұрын кинотеатрларда тек шетелдік фильмдер көрсетілетін еді. Ал қазір көрермендер қазақ киносының әр премьерасын асыға күтеді. Кинотеатрларға жиналған жұрттың ұзын-сонар кезегі – соның дәлелі. Себебі әр адам өз елінің тарихын, тағдырын, тілі мен болмысын экраннан көргісі келеді.



→ 6

ҚҰАН, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

«Қайрат» тарихында тұңғыш рет Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне өтті. «Орталық стадионда» Шотландияның «Селтигін» қапы қалдырып, Еуропаға жорығын жалғастырды. Араға тура 10 жыл салып, қазақ баласы бәсі биік турнирге қайта оралды. Кельттердің қазақ жерінде жеңіске жете алмай келе жатқаны тағы бар.



→ 8

АҚОРДА

28 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

(Басы 1-бетте)

ASTANA HUB КЛАСТЕРІН АРАЛАДЫ

Сонымен қатар ресми сапар аясында Иордания Королі Astana Hub кластеріне барды. Қасым-Жомарт Тоқаев пен II Абдалла бен әл-Хусейн Astana Hub халықаралық кластерін аралау барысында еліміздің IT және жасанды интеллект саласындағы жетістіктерімен танысты.

Astana Hub — Орталық Азиядағы ең ірі инновациялық кластер. Онда 1 700-ден аса IT-компания шоғырланған. Былтыр тартылған жалпы инвестиция көлемі 700 миллион доллардан, ал IT қызметінің экспорты 650 миллион доллардан асты.

Astana Hub базасында жыл сайын он мың азаматты қамтитын Tech Orda, TUMO және Tomorrow School білім беру, сондай-ақ Google for Startups серіктесімен бірге акселерация бағдарламалары іске асырылууда.

Цифрлық даму, инновациялар және аэроғарыш өнеркәсібі министрі Жаслан Мәдиев мәртебелі меймандарға биыл күзде Астанада ашылуы жоспарланып отырған Alem.AI Халықаралық жасанды интеллект орталығының тұжырымдамасын көрсетті.

Қазақстан Президенті мен Иордания Короліне әлемдік нарыққа шыққан отандық компаниялардың әзірлемелері таныстырылды. Олардың қатарында ersilon3.ai (мемлекеттік секторға AI-шешімдер әзірлейтін зертхана), Qalan (Қазақстанда және шетелде 1 миллионнан аса оқушы пайдаланатын математика пәнінен білім беру платформасы), inDrive (жолаушы және жүк тасымалы, жеткізу қызметін ұсынатын жаһандық платформа), KazDream (ұлттық қауіпсіздік, шекаралық бақылау және киберқорғау салаларында жұмыс істейтін еліміздегі ірі IT-компания) секілді жобалар бар.

САЛАЛЫҚ ДАМУҒА СЕРПІН БЕРЕР СЕРІКТЕСТІК

Екі ел арасындағы экономикалық байланыстардың негізі бизнес ортаның тығыз қарым-қатынасынан бастау алады. Мемлекеттер басшылары ресми сапар барысында ұйымдастырылған Қазақстан-Иордания бизнес-форумына қатысты. Президент Корольге Қазақстан мен Иордания арасындағы серіктестікті дамытуға ұдайы

ҚАЗАҚСТАН-ИОРДАНИЯ: ЫНТЫМАҚТАСТЫҚТЫҢ ЖАҢА БЕЛЕСІ



қолдау көрсетіп келе жатқанына алғыс айтты. Сондай-ақ іскерлік орта өкілдеріне бизнес-форум жұмысына қатысқандары үшін ризашылығын білдірді.

— Король II Абдалланың ресми сапары аясында өтіп жатқан бұл форум біздің перспективті серіктестігіміздің жана кезеңіне жол ашады. Экономикалық ынтымақтастық жөніндегі Қазақстан-Иордания үкіметаралық комиссиясы екіжақты қарым-қатынасты кеңейтудің маңызды институционалдық негізін қалайтыны сөзсіз. Бүгін Ұлы Мәртебелі Король Абдалламен мазмұнды келісөз жүргіздік. Әңгімелесу барысында алдағы жылдары өзара тиімді ықпалдастықты нығайтуға шешім қабылдадық, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Мемлекет басшысы қазір Қазақстан арқылы он екі халықаралық көлік дәлізі өтетініне, яғни бес теміржол және жеті

автокөлік жолы еліміздің Еуразиядағы стратегиялық логистикалық хаб ретіндегі позициясын бекіте түсетініне тоқталды.

— Біз ірі халықаралық бағыттарды, соның ішінде Орта дәліз бен Солтүстік — Оңтүстік бағдарын белсенді түрде дамытып жатырмыз. Ақтау және Құрық порттары Каспий теңізі арқылы жүк тасымалдауда негізгі рөл атқарады. Былтыр Құрық портында астық терминалын іске қостық. Ол жылына 1 миллион тоннаға дейін жүк өткізе алады. Бұдан бөлек, Ақтауда өткізу қабілеті жылына 240 мың контейнерді құрайтын хаб салдық. Осы орайда Ақаба портының стратегиялық әлеуетін бірлесе пайдалануға дайынбыз, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент елімізде атом энергетикасы ұлттық экономиканың стратегиялық тұрғыдан маңызды әрі тұрақты қуат көзі ретінде қарастырылатынын жеткізді.

Мемлекет басшысы Қазақстан мен Иорданияның агробизнес саласындағы әлеуеті мол екеніне назар аударды.

— Азық-түлік қауіпсіздігі жөніндегі Ислам ұйымының мүшелері ретінде бізді елдеріміз бен барша мұсылман әлеміне арналған ортақ мақсат біріктіреді. Бұл орнықты әрі әділ азық-түлік экожүйесін қалыптастыруды көздейді. Қазақстан әлемде егістік алқабы бойынша алтыншы орын алады, сондай-ақ дүниежүзілік ірі астық экспорттаушылардың ондығына енеді. Жыл сайын сегіз миллион тоннадан аса бидай мен екі миллион тоннаға жуық ұнды жаһандық нарыққа жеткіземіз. Еліміз Иорданияны жоғары сапалы, органикалық, халал және экологиялық тұрғыдан таза ауыл шаруашылығы өнімдерімен қамтамасыз ете алады. Біз Aljazeera Agri-cultural иорданиялық компаниясының елімізде құс фабрикасын салу жөніндегі

СЕНАТ

СЕНАТ ТӨРАҒАСЫ РУСТАМИ ЭМОМАЛИМЕН КЕЗДЕСТІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Сенатының Төрағасы Мәулен Әшімбаев елімізге ресми сапармен келген Тәжікстан Республикасының Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомалимен кездесті.



Мәулен Әшімбаев кездесуде мәртебелі мейманға ілтипат білдіріп, Тәжікстан Қазақстанның маңызды стратегиялық серіктесі және сенімді одақтасы екенін айтты. Сондай-ақ Сенат Спикері екі мемлекеттің басшылары арасындағы өзара сенімге негізделген қарым-қатынастың және олардың күш-жігері мен бірлескен жұмысының арқасында барлық деңгейде тығыз саяси байланыс орнағанын атап өтті. Сұхбат кезінде экономикалық және іс-қимыл белсенді дамып, мәдени-гуманитарлық байланыстар да нығая түскені сөз болды.

«Жоғары деңгейдегі тұрақты кездесулердің және мемлекет басшыларының өзара сапарларының нәтижесінде ауқымды мәселелер бойынша маңызды келісімдерге қол жеткізілді. Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмон 2023 жылы Қазақстанға мемлекеттік сапармен келді. Сапар барысында Одақтастық өзара іс-қимыл туралы декларацияға қол қойылды. Былтыр Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевтың Тәжікстанға мемлекеттік сапары аясында Одақтастық қатынастар туралы шартқа қол қойылды. Екі құжат та бауырлас халықтарымыздың ұлттық мүдделеріне сай келеді және елдеріміздің өзара іс-қимылын жан-жақты тереңдетуге айтарлық-

тай серпін берді. Осы орайда біздің басты міндетіміз — мемлекет басшыларының деңгейінде қол жеткізілген барлық уағдаластықты тиімді іске асыруға ықпал ету», — деді Мәулен Әшімбаев.

Сонымен қатар тараптар екі ел Президенттері белгілеп берген ынтымақтастықтың жоғары деңгейін Парламенттер арқылы да қолдаудың маңызды екеніне назар аударды. Бұл ретте Екіжақты өзара іс-қимылдың Жол картасы өзара іс-қимылдың Жол картасы ерекше маңызды. Ол өңіраралық өзара іс-қимылды дамытумен бірге өзге де ауқымды мәселелерді қамтиды. Құжатқа Душанбеде өткен тұрақты комиссияның отырысында қол қойылғанын атап өткен жөн. Бүгінгі кездесуде Жол картасында көрсетілген міндеттерді іске асыру аясындағы бірлескен жұмыс туралы да сөз болды.

«Қазір біздің елдеріміздің Парламенттері арасындағы байланыстар тұрақты және жүйелі сипатқа ие. Екіжақты өзара іс-қимылдың Жол картасын қабылдау Парламент Палаталарының бірлескен іс-қимылы бағытындағы маңызды қадам болды. Бүгінде Палаталарымыз арасында Ынтымақтастық жөніндегі комиссия, сондай-ақ өңірлік парламентаралық ынтымақтастықтың маңызды негізін қалаған Орталық Азия мемлекеттерінің Парламентара-

лық форумы белсенді жұмыс істеп келеді. Мұндай форумдарды өткізу аймақ елдерінің мүдделеріне сай келеді және Орталық Азияның саяси, экономикалық, мәдени әлеуетін тиімді іске асыруға ықпал етеді», — деді Мәулен Әшімбаев.

Кездесуде екіжақты және көпжақты ынтымақтастықтың барлық бағыты бойынша сындарлы диалог орнатудың маңызы да әңгімеге арқау болды. Экологиялық сын-қатерлерді енсеру жолында күш-жігерді ортақ мүддеге жұмылдыру мәселесіне баса мән берілді. Бұл ретте су қатынастары саласындағы түйткілдерді шешу кезіндегі өзара іс-қимылдың нақты шаралары, Халықаралық Аралды құтқару қоры аясындағы бірлескен жұмыс, оның ішінде су-энергетикалық ынтымақтастықтың тиімді тетігін әзірлеу жұмыстарына үлкен көңіл бөлінді.

Өз кезегінде Рустами Эмомали парламентаралық және өңірлік деңгейлерде қазақ-тәжік ынтымақтастығы тұрақты дамып келе жатқанын атап өтті. Ол Қазақстанның әлемде рухани дипломатияны дамытуды көздейтін бастамалары мен сол бағыттағы бағыт-бағдарын жоғары бағалады. Сондай-ақ барлық маңызды сала бойынша өзара ынтымақтастықты нығайтуға мүдделі екенін айтты.

Бұдан басқа тараптар өңірдің орнықты дамуына, мәдени-гуманитарлық байланыстарды кеңейтуге, Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының алдағы сөзсіз аясында рухани дипломатияны ілгерілетуге қатысты мәселелер жөнінде пікір алмасты. Мәулен Әшімбаев Тәжікстанның Сөзді жән-жақты қолдап, Тәжікстан ғұламалар кеңесінің атаған іс-шараға белсенді қатысып келе жатқанын тілге тиек етіп, диалог, бейбітшілік және келісім мәдениетін ілгерілету ісіндегі ынтымақтастық үшін тәжік тарапына алғыс білдірді.

МӘЖІЛІС

ӨЗАРА ЫҚПАЛДАСТЫҚ – ӨРКЕНДЕУДІҢ НЕГІЗІ

Қазақстан Республикасы Парламенті Мәжілісінің Төрағасы Ерлан Қошанов Тәжікстан Республикасы Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы Рустами Эмомалимен кездесті. Тәжікстан Парламентінің жоғарғы палатасының басшысы Астанаға ресми сапармен келді.

Парламент делегациясын қарсы алған Ерлан Қошанов әріптестерін Парламенттің қос палатасы депутаттары сайлауының сәтті өтуімен және жеке Рустами Эмомалиді Тәжікстан Маджлиси Оли Маджлиси милли төрағасы болып қайта сайлануымен құттықтады.

— Біздің елдерімізді ғасырлар бойы қалыптасқан бауырластық, достық және ынтымақтастық байланыстырады. Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаев пен Тәжікстан Президенті Эмомали Рахмонның тұрақты кездесулері екіжақты ынтымақтастықтың дамуына ерекше серпін беріп отыр. Бүгінде біздің қарым-қатынасымыз ең жоғары — одақтастық деңгейіне көтерілуде. Осы орайда көшбасшыларымыз қол жеткізген барлық келісімнің жүзеге асуы және халықтарымыз арасындағы достықтың нығаюы үшін біздің Парламенттерге берік заңнамалық негіз қалыптастыру міндеті жүктеліп отыр, — деді Мәжіліс Төрағасы.

Тараптар парламентаралық байланысты одан әрі дамыту мен нығайту болашағын талқылады. Спикерлер көпжақты алаңдардағы ықпалдастық пен достық топтары аясындағы өзара іс-әрекетке айрықша назар аударып отыр. Сондай-ақ депутаттар заң шығару саласында тәжірибе алмасуды тереңдетуге қатысты бірқатар мәселені ортаға салды.

Әңгіме барысында цифрлық инновацияларды дамытуға да баса көңіл бөлінді. Ерлан Қошанов Мәжіліс депутаттары осы бағытта тәжірибе бөлісуге дайын екенін айтты. Осы ретте Қазақстан БҰҰ-ның Электронды үкіметті дамыту индексі бойынша (24-орын) алдыңғы қатарлы мемлекеттер қатарында екенін атап өтті. Бүгінде елімізде мемлекеттік қызметтердің 90 пайыздан астамы онлайн көрсетіледі. Ал Мәжілісте



«Жасанды интеллект туралы» заң жобасы мен Цифрлық кодекс бойынша белсенді жұмыс жүргізіліп жатыр.

Тәжікстан Парламентінің депутаттары Қазақстандағы әлеуметтік саладағы реформаларға да қызығушылық танытты. Мәжіліс Спикері 2019 жылы қабылданған «Педагог мәртебесі туралы» заң мұғалімдердің әлеуметтік жағдайын едәуір жақсартуға мүмкіндік бергенін, сондай-ақ педагогтердің қоғамдағы беделін арттыруға қатысты Мемлекет басшысы алға қойған міндеттердің әрі қарай жүзеге асырылып жатқанын айтты.

Өз кезегінде Рустами Эмомали қазақстандық тарапқа қонақжайлық танытқаны үшін алғысын білдіріп, қазіргі уақыттағы парламентаралық ынтымақтастықтың рөлі ерекше екенін атап өтті.

— Қазақстанмен екіжақты қатынастарды дамыту — Тәжікстанның сыртқы саясатындағы ба-

бастамасын құптаймыз. Бұл жоба екі ел арасындағы ауыл шаруашылығы саласы бойынша ынтымақтастықты нығайтуға жасалған нақты қадам болмақ, — деді Қасым-Жомарт Тоқаев.

Президент медицина саласындағы ықпалдастықтың маңызын атады. Оның айтуынша, Иордания әлемдегі жетекші медициналық орталықтардың бірі және жоғары деңгейде дамыған фармацевтикалық өнеркәсіпке ие. Жиында цифрландыру саласына баса мән берілді. Қасым-Жомарт Тоқаев еліміздің Еуразиядағы жетекші озық технологиялар орталығы болуға ұмтылатынын атап өтті.

Қасым-Жомарт Тоқаев иорданиялық кәсіпкерлерді «Астана» халықаралық қаржы орталығымен серіктестіктің тың мүмкіндіктерін қарастыруға шақырды. Мемлекет басшысы АХКО Нью-Йорк, Лондон, Дубай және Сингапурдың озық тәжірибесіне негізделген инвестиция мен инновация тартудың бірегей орталығына айналғанын айтты. Мемлекет басшысының пікірінше, форумда қол жеткізілген байланыстар өзара инвестиция, инновация және орнықты даму салаларын ілгерілетуге мүмкіндік береді.

Иордания Королі II Абдалла бизнес-форум жұмысына қатысушыларға ризашылығын жеткізді. Ол бүгінгі пікір алмасулар экономикалық ынтымақтастықты одан әрі тереңдетуге мүмкіндік беретінін айтты.

Сондай-ақ Қазақстан Президенті мен Иордания Королі «Астана» халықаралық қаржы орталығына барды. Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев пен Иордания Королі II Абдалла бен әл-Хусейн Астана халықаралық қаржы орталығын (АХКО) аралап көрді.

Басқарушы Ренат Бектұров мәртебелі меймандарды Орталық қызметінің нәтижелерімен, АХКО сотының, Халықаралық төрелік орталығының, Қаржы қызметін реттеу комитетінің және АХКО биржасының ерекшеліктерімен, сондай-ақ бірегей корпоративтік «Сенім музейінің» жұмысымен таныстырды.

АХКО негізі қаланған сәттен бері 17 миллиард доллардан астам инвестиция тартқан. Орталыққа 85 елдің 4200-ден астам компаниясы резидент ретінде тіркелді.

Қасым-Жомарт Тоқаев Иордания Королі II Абдалланы елорда әуежайынан шығарып салды.

Дайындаған
Кәмилә ДҮЙСЕН

БАҒДАР

28 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ



АДАЛ ЕҢБЕК АЗАМАТТЫҢ АБЫРОЙЫН АСЫРАДЫ

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың бастамасымен 2025 жыл «Жұмысшы мамандықтары жылы» деп жарияланды. Осы орайда «AMANAT» партиясы Жамбыл облыстық филиалы Тараз қаласындағы «Қазфосфат» минералды тыңайтқыштар зауытының өндіріс алаңында «Жұмысшы жастар аманаты» облыстық жастар форумын өткізді.

Бұған дейін «AMANAT» партиясы жұмысшы жастардың әлеуметтік мәселесін шешу, олардың кадрлық әлеуетін дамыту мақсатында Үкіметпен бірге «Жұмысшы жастар аманаты» жобасын қолға алған болатын. Аталған форум осы жобаны жүйелі жүзеге асырудың нақты қадамына айналды. Сөз басында Мәжіліс депутаты, «AMANAT» партиясы фракциясының мүшесі Мұқаш Ескендіров өз ісінің нағыз маманы атанудың мәні мен маңызына тоқталып, жастар қауымын ел игілігі жолында еңбек етуге шақырды.

«Елімізде жыл сайын ауқымды жобалар жүзеге асырылып жатыр. Оның біркатары осы Жамбыл облысында қолға алынуда. Бұл жобаларды жүйелі жүзеге асыру үшін, әрине жұмысшы жастар қажет. Сондықтан Қазақстанның болашағы — жұмысшы мамандық иелерімен тікелей байланысты. Қазірдің өзінде қоғамда өндіріс саласының мамандары ерекше бағаланады. Ал осындай іс-шаралар арқылы белсенді жастарды қолдау ісіне жарқын жол ашылып отыр. Себебі өмірде барлық жетістік тек адал еңбекпен, қажырлы қызметпен келеді», — деді депутат.

Бұл ретте «Жастар Рухы» жастар канатының төрағасы Акерке Ескендірова елімізде еңбекке етене араласқан жастарға жан-жақты қолдау көрсетіліп жатқанын атап өтті.

«Бұл форум — жұмысшы жастардың дауысы естілетін, олардың болашағына қатысты мәселелер талқыланатын алаң. Жыл өткен сайын елімізде еңбек адамына деген құрмет пен кәсіптік білімге деген сұраныс арта түсуде. Осы орайда «Жастар Рухы» жастар канаты өндіріс саласында еңбек ететін жастардың әлеуетін ашу мақсатында нақты жұмыс атқарып келеді. Мәселен, дәстүрлі «Жастарға жұмыс» жобасы аясында еліміздің барлық аймағында ауқымды бос жұмыс орындары жәрменкелері өткізіледі. Жуырда Астана қаласында өткен осындай жәрменкеге 3000-ға жуық адам қатысып, 70-тен астам

кәсіпорын 2000-нан астам бос жұмыс орнын ұсынды», — деді ол.

Осылайша, «AMANAT» партиясы Еңбек және халықты әлеуметтік қорғау министрлігімен бірлесіп жүзеге асырып жатқан «Жастарға жұмыс» жобасы өз тиімділігін дәлелдеді. Мәселен, кейінгі екі жылда 150 мыңға жуық жас азамат қамтылған 1,5 мыңнан астам іс-шара өткізілді. 200-ге жуық бос жұмыс орындары жәрменкесі ұйымдастырылды, оған 5,2 мыңнан астам ұйым қатысты, 55 мыңнан астам жас азамат жұмысқа орналастырылды. Шалғайдағы елді мекендерді қамту мақсатында «Жастар Рухының» мобильді топтары 150-ден астам ауылға барып, 55 мың адамға әлеуметтік-еңбек мәселелері бойынша кеңес берді.

Бұған қоса, өңірлік жұмысшы жастар форумдары ұйымдастырылып, еліміздегі еңбек нарығына қатысты ашық талқылаулар өтті. Сонымен қатар еліміздің 8 өңіріндегі ірі кәсіпорындарда жастар мен жоғары сынып оқушыларына арналған кәсіптік бағдар беру экскурсиялары ұйымдастырылды. Нәтижесінде, 5000-нан астам жас азамат еңбек нарығы жөнінде жан-жақты ақпарат алып, 180-нен астамы тұрақты жұмысқа орналасты. Жұмысшы мамандықтарының беделін арттырып, еңбек құндылықтарын дәріптеу мақсатында «Жастар Рухы» арнайы «Еңбек данқы: Жұмысшы мамандар әулеті» атты медиажобаны іске қосты.

Осы орайда Жамбыл облысы әкімінің орынбасары Канатбек Мәдібек өңірде жұмысшы жастарды қолдау бағытында нақты қадамдар жасалып жатқанын алға тартты.

«Бүгінде Жамбыл облысында инвестиция тарту бағытында жоспарлы жұмыс жүргізілуде. Алдағы уақытта өңірде 62 инвестициялық жобаны қолға алу көзделіп отыр. Оны жүзеге асыру барысында 6 мыңға жуық жұмыс орны ашылады. Яғни, бұл қадам университет пен колледж түлектерін жыл сайын жұмысқа орналастыруға мүмкіндік береді.

Осы орайда өңірдегі жоғары оқу орындарында кадр дайындау жұмысы қолға алынуда. Біздің басты міндетіміз — кәсіби мамандардың жаңа буынын тәрбиелеу және олардың бойына адалдық, жауапкершілік сынды асыл қасиеттерді сіңіру», — деді ол.

Осы күні Жамбыл облысында 355 мыңнан астам жас азамат өңір тұрғындарының 29,1%-ын құрап отыр. Олардың 41,8%-ы — қалада, ал 58,2%-ы ауылда тұрақтаған. Аталған азаматтардың қатарында TALAS INVESTMENT COMPANY ЖШС-ның жас маманы Бексұлтан Болғанбек те бар.

«Бұл кәсіпорында жүздеген маман еңбек етеді. Солардың қатарында мен де бармын. Еңбек жолымды слесарь ретінде бастап, кейін қазандық операторы, компрессорлық және тоназытқыш қондырғылары аумағының шебері, қазандық аумағының шебері болып жұмыс істедім. Бүгінде энергетика ресурстарымен қамтамасыз ету цехы бастығының орынбасары қызметін абыроймен атқарып жүрмін. Осындай ірі өндіріс орнында еңбек ету — жас мамандар үшін зор мәртебе әрі жоғары жауапкершілік. Компания бізге барынша қолайлы жағдай жасап отыр. Мұнда кәсіптік машығымызды жетілдіруге қажет барлық мүмкіндік бар. Ұжыммызға білікті, адал жұмысшы жастар қашан да қажет», — деді ол.

Ал «Қазфосфат» ЖШС-на қарасты «Минералды тыңайтқыштар зауытының» инженері, жас маман Қайсар Алдахметовтің айтуынша, аталған кәсіпорында 35 жасқа дейінгі 1 128 жұмысшы маман еңбек етеді.

«Жұмысшы жастар — адалдық пен табандылықтың үлгісі. Зауыттарда, құрылыс алаңдарында, ауыл шаруашылығы саласында және түрлі өндіріс орнында еңбек етіп жүрген жас буын — ел экономикасының тірегі. Жұмысшы маман бола жүріп, қоғам дамуына да үлес қосуға, бойдағы қабілет пен әлеуетті көрсетуге толық мүмкіндік бар. Мысалы, мен қарапайым зауыт жұмысшысы бола жүріп, Тараз қалалық мәслихатының депутаты ретінде сайландым. Бүгінде қала тұрғындарының сенімін арқалаған азамат ретінде өндіріс саласында еңбек етіп жүрген жастардың мүддесін қорғап, олардың әлеуметтік мәселелерін шешуге атсалысып келемін», — деді ол.

ОҚУШЫЛАРҒА ҚОЛДАУ ЖАЛҒАСУДА

Алматы қаласына қарасты Алатау ауданында «AMANAT» партиясының «Бақытты отбасы» жобасы аясында дәстүрлі «Баланы мектепке дайындайық!» республикалық қайырымдылық акциясы өтті. Оқушылардың инновациялық шығармашылық орталығында ұйымдастырылған ілкімді іс-шара барысында балаларға оқу құралдары мен кеңсе заттары салынған 100 рюкзак табысталды.



Мұндағы мақсат — отбасыларға нақты қолдау көрсетіп, балаларға шынайы шаттық сыйлау. Оған «AMANAT» партиясы Алатау аудандық филиалының төрағасы Жаркынгүл Алдамбергенова, Алматы қалалық мәслихатының депутаты, партия фракциясының мүшесі Гүлжан Бекенова, акция демеушісі, кәсіпкер Ернар Биқов және оқушылар мен олардың ата-аналары қатысты.

Өз кезегінде, «AMANAT» партиясы Алатау аудандық филиалының төрағасы Жаркынгүл Алдамбергенова аталған акцияның маңызына тоқталып, қатысушылар мен демеушілерге айрықша алғыс білдірді.

«Біздің негізгі мақсатымыз — әр балаға қоғам тарапынан қолдау көрсетіп, олардың ертенгі күнге сеніммен қадам басуына жағдай жасау. Табыс етілген сөмкелер — жай ғана оқу құралдары емес, бұл — шынайы қамқорлықтың, ыстық ықыластың және өскелең ұрпақтың баянды болашағына деген сенімнің белгісі. Осындай игі іс-шаралар балалардың жаңа оқу жылын қуанышпен бастап, білімге деген ынтасын арттыруға мүмкіндік береді. Ал ата-аналар қауымы болса, қоғам тарапынан қолдау бар екенін сезінеді», — деді Жаркынгүл Алдамбергенова.

Іс-шара барысында мерекелік концерт ұйымдастырылып, белгілі әнші Алма Аманжолова әннен шашу шашты.

ЗАМАНАУИ МЕДПУНКТ АШЫЛДЫ

«AMANAT» партиясының 2023–2027 жылдарға арналған «Халықпен бірге» сайлауалды бағдарламасын жүзеге асыру Батыс Қазақстан облысында жүйелі түрде жалғасуда. Жол картасы аясында Жаңақала ауданына қарасты Қырқопа ауылында тұрғындарға сапалы медициналық қызмет көрсету мақсатында жаңа фельдшерлік-акушерлік пункт салтанатты түрде ашылды.



Нысаннның ашылу рәсіміне Батыс Қазақстан облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мадияр Утешов, «AMANAT» партиясы облыстық филиалы атқарушы хатшысының орынбасары Афица Семғалиева, Жаңақала ауданының әкімі Алпамыс Көшкінбаев, медицина саласының ардагерлері, мекеме басшылары және ауыл тұрғындары қатысты.

«Біздің өңірде 50 медициналық нысан салу жоспарланған болатын. Бүгінде оның 49-ы пайдалануға берілді. Бұл ауыл халқының денсаулығын нығайтуға, аурулардың ерте кезеңде анықталуына, сондай-ақ балалардың, жүкті әйелдер мен қарт кісілердің сапалы медициналық

көмек алуына үлкен септігін тигізеді деп сенеміз», — деді облыстық Денсаулық сақтау басқармасының басшысы Мадияр Утешов.

Жаңа бір қабатты ғимарат заманауи құрал-жабдықтармен толық қамтамасыз етілген. Онда қабылдау бөлмесі, физиотерапия кабинеті, фельдшер бөлмесі, залалсыздандыру, екпе салу және ем-шара бөлмелері қарастырылған.

Бұл медициналық пункттің ашылуы — ауыл тұрғындарына көрсетілетін медициналық көмектің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға бағытталған маңызды қадам. Енді ауыл халқы алысқа бармай-ақ заманауи әрі қолайлы жағдайда медициналық қызмет ала алады.

ЕСІРТКІГЕ ЖОЛ ЖОҚ!

Қарағанды облысы Балқаш қаласында «AMANAT» партиясының «Жастар Рухы» жастар қанаты қалалық полиция бөлімімен бірлесіп «Есірткіге жол жоқ!» акциясын ұйымдастырды. Іс-шараның басты мақсаты — нашакорлық мәселесіне қоғам назарын аудару, жастардың бойында есірткіге қарсы төзімділік қасиетін қалыптастыру және салауатты өмір салтын нығайту.



Акция барысында түсіндіру жұмысы жүргізіліп, тұрғындарға ақпараттық материалдар таратылды. Бұл ретте оқушылар мен студенттерге ерекше назар аударылғанын айта кеткен жөн. Себебі олар қауіпкертерге бейім ең осал топ саналады.

Ішкі істер министрлігінің мәліметінше, 2025 жылы алғашқы бес айда Қазақстанда 1 400-ден астам есірткі қылмысы анықталып, 4 тоннадан астам тыйым салынған заттар тәркіленді. Сарапшылардың пікірінше, шамамен 17 мың адам наркологияда есепте тұр. Алайда есірткі тұтынушылардың нақты саны одан да жоғары. Ұйымдастырушылардың айтуынша,

нашакорлық — барлық отбасының алдында тұрған нағыз қасірет.

«Бүгінде нашакорлық тұтас ұрпақ үшін нағыз сынақ болып отыр. Оның алдын алу — тек полиция қызметкерлерінің немесе дәрігерлердің ғана міндеті емес. Бұл — баршамызға ортақ парыз. Егер ата-аналар, мұғалімдер, белсенділер және мемлекет бірлесіп әрекет ететін болса, жастар жат әдетке тәуелділіктен сақтана алады. Біздің міндетіміз — жастарға балама жол ұсыну: спорт, білім, шығармашылық», — деді «Жастар Рухы» жастар канаты Балқаш қалалық филиалының төрағасы Әбен Әлібек.

АРАЛДАҒЫ ЖАҢА НАУБАЙХАНА

Елімізде жүзеге асып жатқан «AMANAT» партиясының «Ауыл аманаты» жобасы ауыл тұрғындарының тұрмысын жақсартуға және кәсіпкерлікті дамытуға тың серпін беріп отыр. Бағдарламаның игілігін көріп отырғандардың бірі — Қызылорда облысы Арал қаласының тұрғыны Майра Қабатаева.

Ол осыдан 10 жыл бұрын нан өнімдерін сатумен айналысқан. 2024 жылы жаңа бағдарлама туралы естіп, оған қатысуға бел буып, мамандардан кеңес алып, әкімдікке құжаттарын тапсырған. Нәтижесінде, «Ауыл аманаты» жобасы аясында 2,5 пайызбен 5 млн теңге несиеге қол жеткізді. Бұл қаражатқа үлкен пештер, қамыр илейтін құрылғы және қажетті құрал-жабдықтар сатып алып, шағын наубайханасын іске қосты. Бүгінде цехта үш адам тұрақты жұмыспен қамтылған.

Наубайханада күніне 400-ге жуық бөлке, қара нан, сондай-ақ құнара 300

дана тәтті тоқаш әзірленіп, қала дүкендеріне жеткізіліп отырады.

«Бұл оңай шаруа емес. Әр кәсіпкер өз жолын бастағанда қиындықтарды бастан кешіреді. Ал ең маңыздысы — сабырлық таныту. Табыстың кілті — табандылық пен қажырлы еңбекте, мақсатқа сеніммен ұмтылуда. Біздің алға қойған жоспарларымыз бен айқын мақсаттарымыз бар», — дейді кәсіпкер Майра Қабатаева. Алдағы уақытта ол өндіріс ауқымын кеңейтіп, жаңа жұмыс орындарын ашуды, сондай-ақ кондитерлік цехты іске қосуды жоспарлап отыр.

28 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Конституция – мемлекеттің негізгі заңы, ол елдің қоғамдық және мемлекеттік құрылымын, сайлау жүйесін, мемлекеттік органдардың ұйымдас-тырылуы мен қызмет етуінің принциптерін, азаматтардың негізгі құқықтары мен міндеттерін айқындайды.

Тәуелсіз Қазақстанның алғашқы Конституциясы 1993 жылғы 28 қантарда Қазақстан Жоғарғы Кеңесінің XII шақырылымындағы IX сессиясында қабылданды. Бұл Конституция құрылымы жағынан кіріспеден, 4 бөлімнен, 21 тараудан және 131 баптан тұрды. Оған Қазақстанның мемлекеттік егемендігін алған сәттен бастап қабылданған көптеген құқықтық, яғни халық егемендігі, мемлекеттің тәуелсіздігі, билік тармақтарына бөліну принципі, қазақ тілінің мемлекеттік тіл ретінде танылуы, Президенттің Мемлекет басшысы ретінде мойындалуы, сондай-ақ Жоғарғы, Конституциялық және Жоғарғы Арбитраждық соттар сияқты сот органдары және басқа да нормалар енгізілді.

Кейін еліміздің басты құжаты қайта жасалып, жалпыхалықтықреферендумда талқыланғаннан кейін 1995 жылғы 30 тамызда жана Конституция қабылданды. Дәлосыкүн Қазақстан Республикасының Конституциясы күніболып жарияланып, мемлекеттік мереке ретінде аталып өтуде.

2025 жылдың тамызында Конституцияның қабылданғанына 30 жыл толады. Конституцияның мерейтойы – бұл тек оның даму кезеңдерін еске алатын күн емес, сонымен қатар бұл өзгерістердің Қазақстан мен оның азаматтарының болашағына қалай әсер ететінін ой елегінен өткізетін сәт.

1995 жылғы 30 тамызда бүкілхалықтық референдумда қабылданған Негізгі Заң – қазақстандық қоғамның құқықтық қаңқасын қалыптастырды. Тәуелсіздіктің алғашқы жылдарында Қазақстанда қоғамдық ұйымдар құрылып, дамып, нығая бастады. Азаматтық қоғамның қалыптасуы елдегі аса күрделі әлеуметтік-экономикалық жағдайда өтті.

Мемлекет 30 жыл бұрын қабылданған Конституцияға сәйкес, инклюзивті қоғамды, яғни қатысу қоғамын қалыптастыру үшін үнемі мүмкіндіктер жасауға



КОНСТИТУЦИЯ – ТҰРАҚТЫЛЫҚ КЕПІЛІ

тиіс еді. Сонымен бірге мұндай жүйе қоғамнан, әлеуметтік топтардан, үкіметтік емес ұйымдардан кері байланыс, бастамашылық, үн қосу және белсенділікті талап етеді. Олар да өз мойнына көбірек жауапкершілік алуы керек. Мемлекет қоғамның өмір сүруін қамтамасыз ететін негізгі факторлар мен көрсеткіштерді – қауіпсіздік, ішкі саяси тұрақтылық, әлеуметтік осал топтарды қорғау, қылмыспен күрес, құқықтық тәртіп және қорғаныс қабілетін сақтауы тиіс. Ал қалған барлық салада азаматтық қоғамның қатысуы мен тартылуы қажет. Конституцияны қорғау тек мемлекеттің емес, азаматтық қоғамның да міндеті болуы тиіс. ҰЕҰ, кәсіподақтар, БАҚ, саяси партиялар, діни бірлестіктер мен түрлі жеке және қоғамдық бастамалар тек идеяларды білдіріп қоймай, оларды ілгерілетуге де атсалысуы керек.

Билік құрылымдары мен азаматтық қоғам арасындағы әлеуметтік-саяси әріптестік халықтың өз өкілеттігін сеніп тапсырған тұлғаларға деген жоғары деңгейдегі сенімін, сондай-ақ биліктен шығатын шешімдерді баршаға ортақ игілікке бағытталған әрекет ретінде қабылдап, оларды орындауға дайындығын білдіреді. Бұл тұрғыда Конфуцийдің өсиетін еске алуға болады: «Мемлекетте азық-түлік те, қару-жарақ та, халықтың билікке сенімі де жеткілікті болуы тиіс. Қажет болған жағдайда

неден бас тартуға болады? Азықтан да, қарудан да бас тартуға болады, бірақ сенім болмаса – мемлекет тұра алмайды». Қазіргі сарапшылар халықтың билік институттарына деген сенім деңгейін «саяси капитал» деп атайды. Сонғы 30 жыл ішінде біз тәуелсіз Қазақстанның тарихын жазып келеміз, оның Конституциясының басты басымдығы – Ата

дарын қалыптастырумен қатар, билік тармақтарының арасындағы тежежелік және тепе-теңдік жүйесін де қамтиды. Мемлекеттің тұрақты жұмыс істеуі конституциялық нормалардың уақыт талабына қаншалықты сай келуіне байланысты. Алайда тарих пен қазіргі тәжірибе көрсеткендей, саяси конъюнктураға біржақты бейімделу саяси-экономикалық және әлеуметтік шығындарға әкеліп соғуы мүмкін.

Еліміздің Конституциясына 1998, 2007, 2011, 2017 және 2019 жылдары өзгерістер енгізілді. 2022 жылғы 5 маусымда Конституцияға өзгерістер бүкілхалықтық референдум арқылы енгізілді. Сол кезде Қазақстан халқына арнаған үндеуіне Мемлекет басшысы К. Тоқаев референдумның Қазақстан тарихындағы маңызды кезеңге айналғанын, ұлттың шынайы өзгерістерге дайын екенін және реформаларды қолдайтынын көрсет-

кенін атап өтті. Қазақстан азаматтары жаңартылған Конституцияны қолдап дауыс беріп, суперпрезиденттік басқару формасынан күшті Парламентті бар президенттік басқару жүйесіне өтуді мақұлдады. Бұл түзетулер қатарында президенттің жақын туыстарының саяси мемлекеттік қызметтер мен квазимемлекеттік сектор субъектілерінің басшысы

“**Конституцияның мерейтойы – бұл тек оның даму кезеңдерін еске алатын күн емес, сонымен қатар бұл өзгерістердің Қазақстан мен оның азаматтарының болашағына қалай әсер ететінін ой елегінен өткізетін сәт.**

Занның гуманистік бағыттылығы. Бұл көп нәрсені аңғартады. Қазақстан Республикасы Конституциясында адам мен азаматтың құқықтық мәртебесіне басымдық берілген. Адамның құқықтары мен бостандықтары туылған сәтінен бастап абсолютті және ажыратылмайтын деп танылады.

Сонымен қатар Конституцияның едәуір бөлігін мемлекеттік билік органдары арасындағы саяси қатынастар құрайды. Бұл қатынастар билік құрылым-

лауазымдарын атқаруына тыйым салу; азаматтардың Конституциялық Сотқа тікелей жүгіну құқығы; өлім жазасына тыйым салу; Мәжіліс депутаттарын аралас сайлау жүйесі бойынша сайлау; Қазақстан халқы Ассамблеясының Мәжілістегі квотасын жою және Сенаттағы президенттік квотаны қысқарту; мажоритарлық жүйе бойынша сайланған депутатты сайлаушылардың еркімен кері шақыру тәртібі қарастырылды. Барлығы 56 түзету енгізілді.

АЗАТТЫҚТЫҢ АСҚАҚ АЙБЫНЫ

Адам болмысының өзегі – еркіндік. Адамның еркіндігі мен бостандығы белгілі бір заңдылықтарға тәуелді міндеттерден құралады. Яғни, қоғамда абсолютті еркіндік деген ұғым жоқ. Әр адамның еркіндігі екінші адамның еркіндігі басталатын жерде шектеледі.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

Жалпы, әлемдік философияда еркіндік туралы бір-біріне қайшы көзқарастар қалыптасқан. Мәселен, ғалым, философия ғылымдарының докторы академик Досмұхамбет Кішібеков «Еркіндік – жан қасиеті болғандықтан, адамның тұлғалануына керек бірден-бір шарт және өлшем» десе, француз философы Дени Дидро «Еркіндік жансыз дүниеге де тән. Әлемде қозғалмайтын зат жоқ. Бәрі қозғалыста, егер кейбір қозғалмайтын зат болса, оны ұстап тұрған кедергінің бар болғаны. Егер сол қозғалмай тұрған заттың кедергісін алып тастаса, ол қозғалысқа түседі. Олай болса, сол қозғалыстың өзі де еркіндік дейді. Демек, адам баласының өмір сүру еркіндігі жан қалауы, қозғалысқа ұмтылуы. Оны түрлі кедергімен тоқтату мүмкін емес. Алайда франко-швейцар философы Жан-Жак Руссо «Адам еркіндігінің тарихта дамуы, табиғи еркіндіктен басталады, бұл жерде тек қана өз жеке басының күшіне байланысты. Келесі сатысы азаматтық еркіндік, бұл келісімшартқа сәйкес бір адамның өз бостандықтарының бір бөлігінен бас тартуы, себебі ол қоғамның басқа мүшелеріне қамқорлығын білдіреді. Бұдан кейін моральдық еркіндік – еркіндік дамуындағы жоғарғы деңгейі. Осы деңгейде адам «өз-өзіне қожайын» болып шығады, себебі ол өз-өзіне жазып қойған заңдарды жетекшілікке алады» дейді.

Демек, адамның ерік бостандығы, қалай десек те, белгілі бір заңдылықтарға тәуелді міндеттерден құралады және белгілі бір заңдылықтар негізінде шектеледі. Сол сияқты заң және тәртіп ұғымдары да адамның ерік бостандығына тікелей жауапкершілік жүктейді және жауапкершілік басталған тұста адамның әрекет етуі басталады. Мұны айтып отырған себебіміз, адам өміріндегі заң мен тәртіп, заң мен адам, адам құқығы мен бостандығы деген ұғымдардың шегі мен шексіздігі қандай

деген сұрақтан туындайды. Сондай-ақ адам баласының ерік бостандығына кез келген мемлекеттің Конституциясы кепіл бола алады. Сол сияқты Қазақстан Республикасы Конституциясында мемлекеттің өлшеусіз байлығы халық екені тайға таңба басқандай анық көрсетілген.

Конституцияның 1-бабы 1-тармағында «Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» деп жазылған. Демек, еліміздің Ата Заңы «мемлекетіміздің өлшеусіз байлығы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары» екенін көпелді. Яғни, мемлекеттегі барлық атқарылған және атқарылуы тиіс мақсат-міндеттер адамның игілігіне, халықтың игілігіне арналған.

Жоғарыда айтқанымыздай, адамның еркіндік бостандығы табиғи еркіндіктен басталып, азаматтық еркіндікке жалғасады және моральдық еркіндік деңгейінде өмір сүреді. Сондықтан жер дүниені мекен еткен халықтардың, мемлекеттердің өзіндік өмір сүру заңдылығы бар, өз заңы бар. Ол – Конституция. Қазақ елінің Конституциясы – Ата Занымыздың қабылданғанына биыл 30 жыл болды. 1995 жылғы бүкіл халықтың талғам-талқысы мен таразысынан өтіп, республикалық референдум негізінде қабылданған Ата Занымыз мемлекетіміздің бүгінгі күнге дейінгі даму даңғылындағы барша жарқын істердің қайнар бастауына, темірқазығына айналды.

– Ата Занымыздың тұтас тұғыры, негізгі ұстыны – қазақтың зайырлылық дүниетанымымен үндес. Бұл – ғасырлар бойы қалыптасқан ұлттың ұстанымы мен құқықтық мемлекеттің негізін қалаған қағидаттардың табиғи үйлесімі. Қазақ халқының дәстүрі мен мәдениетінде дін, діл, және дүниенің аражігін ажырата отырып, адам құқықтары мен ар-ождан бостандығына құрмет көрсетуге ерекше



мән берілген. Сол себепті де Қазақстан Конституциясы зайырлы мемлекет қағидатын негізге ала отырып, әр азаматтың сенім еркіндігіне кепілдік береді. Бұл – еліміздің тұрақтылығы мен бейбіт өмірдің берік тірегі, – дейді Л. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті конституциялық және азаматтық құқық кафедрасының профессоры, заң ғылымдарының докторы Жамаладен Ибрагимов.

Конституциямыз жылдар бедерінде, уақыт тезінде тәуелсіздігіміз бен тұтастығымыздың кепілі ретінде біздің бірлігімізді бекемдеп, елдегі тұрақтылық пен татулықтың берік тұтқасы болды. Сондай-ақ Конституциямыздың адам құқы мен бостандығын сақтаудағы рөлі «Адам және адамзат» деген II бөлімінде бекітілген барлық заң негізінде егжей-тегжейлі қарастырылған десек, қателеспейміз. Ондағы заңдар адамдардың күнделікті өмірінде қолданысқа ие. Атап айтсақ, осы бөлімнің 12-бабының 2-тармағында «Адам құқықтары мен бостандықтары әркімеге тумысынан жазылған, олар абсолютті деп танылады, олардан ешкім айыра алмайды, заңдар мен өзге де нормативтік-құқықтық актілердің мазмұны мен қолданылуы осыған қарай анықталады» деп заңның адам мүддесі үшін қызмет ететіні айшықталған. Мұндағы адам құқы мен бостандығын сақтаудағы маңыздылығы жеке басқа қол сұқпаушылық принципі тұрғысынан нақ-

ты мазмұнға ие деуге болады. Яғни, Ата Занымызда айшықталған адам құқықтары мен бостандықтары – жеке тұлғаның әлем қауымдастығы мойындап, халықаралық-құқықтық құжаттарда бекітілген, әлеуметтік және құқықтық тұрғыдан қамтамасыз етілген, ешкім шек қоймайтын немесе тыйым сала алмайтын құқықтары мен бостандықтары принципіне сүйенеді. Бұл өз кезегінде Конституциямыздағы «Заң мен сот алдында жұрттың бәрі тең» деп жазылған қағидамен үндесе отырып, қоғамда әділдік пен сенімділік орнатуға негіз болады.

Қазақстан Конституция қағидаларына сай демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет саналады. Соған сәйкес, құқықтық мемлекетте адам құқықтары мен бостандықтары сақтала отырып, ешкімнің заңнан жоғары тұруына жол берілмейді. Азаматтың әлеуметтік жағдайына, лауазымына немесе байлығына қарамастан, ол заң алдында тең. Бұл – қоғамда әділ шешімдер қабылдануының, азаматтардың құқықтарының қорғалуының басты шарты. Егер біреу заңды бұзса, ол жауапкершілікке тартылуы керек. Заң үстемдігі тек мемлекеттік органдардың жұмысына байланысты емес. Бұл – әрбір азаматтың заңға деген құрметінен, оған бағынуынан басталады. Қоғам мүшелері заңды біліп, оны күнделікті өмірінде ұстанғанда ғана құқықтық тәртіп орнығады.

Конституциядан Тұңғыш Президенттің ерекше рөлі мен артықшылықтары туралы ережелер алынып тасталды. Олардың бірі – президенттік өкілеттіктің шектеусіздігі екені белгілі. Қазіргі заманғы көптеген президенттік республикада жоғары мемлекеттік лауазымдарға өкілеттік мерзімі шектелген. АҚШ-тың демократия тірегі ретіндегі саяси дәстүрі 1947 жылы Конституцияға 22-ші түзетудің қабылдануымен заң жүзінде бекітілді, бұл түзету 1951 жылы ратификацияланды және президенттік қызметті екі мерзімнен артық атқаруға тыйым салады. Бұл түзетуді қолдаушылар, егер мұндай шектеу болмаса, президенттік билік бірте-бірте диктатураға айналуы мүмкін екенін алға тартты.

Қ. Тоқаев Президенттің өкілеттік мерзімін қайта сайлану құқығынсыз жеті жылдық бір мерзіммен шектеуді ұсынды. Мемлекет басшысының бұл ұсынысты негіздеген уәждері мынадай: бір жағынан, жеті жыл – кез келген ауқымды бағдарламаны жүзеге асыруға жеткілікті уақыт, ал екінші жағынан, президенттік мандатты бір мерзіммен шектеу Президенттің жалпыұлттық дамудың стратегиялық міндеттерін шешуге толықтай бағытталуын қамтамасыз етеді. Мемлекет басшысы ұсынған бұл конституциялық жаңашылдық биліктің монополиялану қаупін едәуір төмендетіп, оны қалыптастыру мен жүзеге асырудың өркениетті қағидаттарын орнықтырады, сайлаушылардың сенімін арттырып, саяси тұрақтылық пен қоғамның орнықты дамуын нығайтады. Осылайша, Президент биліктің қосымша тетіктері мен қысқамерзімді ықпалдан гөрі мемлекеттің ұзақмерзімді мүдделерін жоғары қойып, шешім қабылдауда ашықтық қағидаттарына адалдығын көрсетті.

Біздің еліміздің Негізгі Заңының түбегейлі қағидаттары мызғымас болып табылады – бұл қоғамдық келісім мен саяси тұрақтылық, бүкіл халықтың игілігі үшін экономикалық даму, қазақстандық патриотизм, мемлекеттік өмірдің асаманызды мәселелерін демократиялық әдістермен шешу. Бұл қағидаттар – әмбебап, өзгермейтін және кез келген уақытта, кез келген жағдайда қолдануға болады. Даму жолынан және көзделген мақсаттан ауытқымау, қабылданып жатқан шешімдер мен іс-қимылдарды Қазақстан Республикасының Конституциясында бекітілген түбегейлі қағидаттармен үнемі салыстырып отыру маңызды.

Зарема ШАУКЕНОВА,
ҚР еңбек сіңірген қайраткері

Бұл – әділетті, парасатты және дамушы қоғамның көрсеткіші саналады.

Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаев «Әділетті мемлекет. Біртұтас ұлт. Берекелі қоғам» атты Қазақстан халқына Жолдауында «Заң және тәртіп» стратегиялық бағдарын ұсына отырып, қоғамда заң үстемдігінің орнауы әділетті Қазақстан құрудың негізі екенін айтты. Бұл орайда мемлекеттік заңдылықты сақтайтын және қорғайтын, қоғамға мемлекеттік баяндауды насихаттайтын конституциялық орган ретінде прокуратураға белсенді рөл беріледі.

– Шынында да, «Заң және тәртіп» тұжырымдамасы әділ Қазақстанның идеологиялық тұғырнамасы. Бұл біздің Конституциямыздың мәнін көрсетеді, онда адам, оның өмірі, құқықтары мен бостандықтары ең жоғары құндылық ретінде танылады. Президент Қасым-Жомарт Тоқаев «Құқық – жақсылық пен әділеттілік өнері» деген сөздің терең мағынасын атап өтіп, «Заң азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қорғау, қоғамда тәртіпті қамтамасыз ету үшін қажет» деп атап көрсетеді. Менің ойымша, бұл идеология қоғамдық мұраттардың, әсіресе мәдени-адамгершілік, моральдық-этикалық, отбасылық-тұрмыстық, рухани-діни және, әрине еңбек ету, денсаулықты сақтау, білім алу құқығы сияқты конституциялық кепілдіктердің мызғымастығын сақтауды көздейді. Материалдық игіліктерді, меншікті қорғауды, кәсіпкерлік қызмет бостандығын да жоққа шығаруға болмайды, – дейді Бас прокурор Берік Асыллов.

Яғни, Конституцияның адам құқы мен бостандығын сақтаудағы рөлі Мемлекет басшысының «Заң және тәртіп» стратегиялық бағдары негізінде беки отырып, қоғамның игілігіне қызмет ету мүмкіндігін кеңейте түседі. Ал қоғамда заң қорқыныш немесе тыйым салу, шектеу, жазалау механизмі емес, адам құқықтары мен бостандықтарының кепілі, әділеттілік, теңдік, жасампаздық құралы деген түсінік қалыптасуы мақсаты да Президенттің «Заң мен Тәртіп» бағдарының негізгі ұстыны саналады. Сондықтан құқықтық сана мен құқықтық мәдениеттің жоғары деңгейі бар азаматтық қоғамды қалыптастыру процесі жүйелі шаралар мен идеологиялық жұмыстар негізінде қалыптасып, қоғам игілігін қамтамасыз етпек. Сондай-ақ адам еркіндігінің дамуындағы жоғары деңгей – моральдық еркіндік деңгейінде (Ж.Руссо) адам құқықтары мен бостандықтарының сақталуына кепілдік бермек.

Қазақстанда сиыр етінің бағасы ел тарихындағы ең жоғарғы межеге жетті. Сарапшылар мұның бірнеше факторын атады және бағаның қазіргі белесте қалмайтынын, әрі қарай өрістейтінін ескертті. Ауыл шаруашылығы ведомствосы мұнша қымбаттауға еш себеп жоқ, тапшылық та тіркелмеді деген сенімде. Қымбатшылыққа тосқауыл қою үшін не істелмек?

Елдос СЕНБАЙ

ЖАЛАҚЫ ЖЕНСІК АСҚА ЖЕТПЕЙ ТҰР

Биылғы бірінші жартыжылдықта инфляцияға, бағаның құнсыздануына серпін берген 4 әлеуметтік маңызды тауар анықталды. Олар — құнбағыс майы, сиыр еті, қой еті және картоп. Қазір соның ішінде сиыр етінен басқасының бағасы қалыпқа келтірілді. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, таза кесек ет емес, сүйегі бар сиыр етінің келісінің құны 2025 жылғы шілдеде орта есеппен 3,2 мың теңгеге жеткен. Статистика мамандарының мұндай арзан бағаларды қайдан табатынына депутаттар да аң-таң болып жүр. Өйткені калаларда мұндай бағамен ет табу қиын.

Үлкен калалар арасында ең жоғарғы баға Өскеменде, Ақтауда және Шымкентте тіркелген: 1 келісі үшін 3,5 мың теңге деп тұр. Ең арзан баға Орал мен Ақтөбеде (әрқайсысында 1 келісінің орташа бағасы 2,8 мың теңгеден), сондай-ақ Атырауда — 2,9 мың теңге. Осыған қарап, Energygrom мониторинг агенттігінің сарапшылары Қазақстанда

сиырдың сан етін мысалға келтірген. Сол арқылы жаһандық сервис 2025 жылғы 13 тамыздағы жағдай бойынша казакстандықтардың таза жалақыға небәрі 78 келі сиыр етін ала алатынын көрсетіп отыр.

Бұл көрсеткішпен Қазақстан ірі кара етінің халыққа қолжетімділігі жөнінен 127 мемлекеттің ішінде небәрі 63-орынға тұрақтады. ТМД-да бұл жөнінен Беларусь (ет арзан), Ресей (орташа жалақы жоғары) тұрғындарының жағдайы жақсырақ көрінеді. Бұлардың тұрғыны бір жалақыға тиісінше, 93,8 келі және 79,3 келі сиыр етін сатып ала алады. Әлемдік рейтингте Катар (348,2 келі) мен Кувейт (312,6 келі) көш бастады. Олардың азаматтарының бір айлық еңбекақыға казакстандықтарға қарағанда 4,5 еседей көп ет алуға мүмкіндігі бар.

Бұл мәліметтерді Үкімет ішінара растайды. Сауда және интеграция бірінші вице-министрі Айжан Бижанованың айтуынша, Еуразиялық одақ елдерінің ішінде ең төмен нарықтық бағалар — Қазақстанда. Мысалы, сиыр еті бойынша Қазақстан тек Беларусьтан кейін тұр, құс еті бойынша Беларусь пен Ресейден, ал сары май бойынша Қырғызстаннан кейін орналасқан. Бірақ ол мұның маусымдағы бағалар екенін ескертті. Ұлттық банк дерегіне сәйкес, 2025 жылғы маусым айында 1 доллардың бағасы 514,7 теңге деп алыныпты.

Сондықтан сиыр етінің 1 келісінің маусымдағы орташа құны Беларусьте — 2 440, Қазақстанда — 3 129, Қырғызстанда — 3 907, Ресейде — 4 216, Арменияда 4 931 теңгені құрайды деп есептеледі. Алайда содан бері ЕАЭО-ға мүше өзге елдерде АҚШ валютасы арзандады, ал Қазақстанда жоғарылады.

ЖЕТЕ МЕ ЖҰРТТЫҢ ШАМАСЫ?



7 тамызда бұл тыйым 2025 жылғы 30 қазанға дейін ұзартылды.

Екіншіден, халықтың өсуіне ірі кара басының көбею деңгейі сәйкес болмай тұр. Ұлттық статистика бюросының хабарлауынша, ел егемендік алғанда, 1990 жылы Қазақстанда 9,7 миллион сиыр болыпты. Республика бұл деңгейге әлі күнге жете алмай келеді.

Тағы бір салыстыру: 2021 жылы Қазақстан халқының саны 19 009 600 адамға жеткен. Сонда елде 8 миллион 192,4 мың сиыр болған. 2025 жылғы 1 шілдеде Қазақстан тұрғындарының саны 20 387 811 адамға жетті, яғни содан бері 1,37 миллион адамға көбейді. Алайда 2025 жылғы шілдеде елде 8 миллион 699,6 ірі кара мал ғана бар.

Үшіншіден, сойылған мал мен құс көлемі азайып кеткен. Ұлттық статистика бюросының дерегінше, 2025 жылдың I-жартысында республикада тірі салмақта 352,5 мың тонна төрт түлік сойылып, сатылған. Бұл былтырғы ұқсас кезеңдегіден 1,4% кем. Былтырғы жылдың алты айында тірі салмақта 357,4 мың тонна мал сойылып, сауда орындарына жөнелтілген. Сонымен бірге пышаққа «жығылған» осы малдан 2025

сы қабылданды. Ол бойынша 5 жылда 1 200 ауыл шаруашылығы кооперативін құру жоспарланды. Ештеңе шықпады, жоспар орындалмай, бағдарлама мерзімінен бұрын күшін жойды. Бұрынғы колхоз сияқты кооперативке бірігуге ауылдықтар қызығушылық танытпаған.

Бірақ бұл тұтынушылық кооперативтердің қажетсіздігін білдірмейді, оны елге қызықты, тартымды ету үшін тетіктері жетілдірілуге тиіс. Төлеутай Рахымбековтің тұжырымдауынша, кооператив құру ісін пилоттық жоба түрінде қайта жүзеге асыру және ауылдықтарға оның барлық пайдасын паш ету керек. Сонда ғана оны бүкіл елге таратуға болады. Бұл үшін біріншіден, кооперативке біріккен ауылдықтарға арзан бағамен, жеңіл несиеге мал таратып берген жөн.

Екіншіден, оларға қажетті көлемде жайылым ұсынған маңызды. Үшіншіден, олардың алған өнімін — сиырдың етін, сүтін, терісін, сондай-ақ асылтұқымды ұрығын, эмбриондарын, ішкі органдары, қаны, желіні, басы, тұқтары, құйрығы сияқты субөнімдерін бастапқы өңдеу, сактау, орталықтандырылған түрде сатып алу және жан-

қысы келмейтінін мәлімдеп, босқа күстәналап жатады. Мұны олар ауылдағы жағдайдан, ауылдықтардың психологиясынан мүлдем бейхабар болғандықтан айтады. Ауыл тұрғындарының 90%-ының жалғыз табыс көзі — қорасындағы малы. Ауылда тұратын ағайын әрқашан ауыл шаруашылығы өнімдерінің өндірісімен айналысуға мәжбүр болады. Тарихтан солай қалыптасқан, — деді Т.Рахымбеков.

Халық енді неге мал ұстаудан бас тартады? Сарапшының пікірінше, бұған азықжемнің жыл сайын қымбаттауы, арзан кредиттердің және субсидиялардың қолжетімсіздігі, жайылымның тапшылығы кесірінен бір жеке қосалқы шаруашылықтың (отбасының) ұстауына болатын мал санына шектеу қойылуы, алынған өнімді орталықтандырылған түрде өткізу желісінің жоқтығы және басқасы

итермелейді. Соның кесірінен нарықтағы бағаны өндіруші емес, делдалдар белгілейді.

Сауда бірінші вице-министрі Айжан Бижанова ішкі нарықтағы бағаны тұрақтандыру үшін мемлекеттің бордақылау алаңдарын дамытуға, ет кластерін құруға қолдау көрсетіп, өнірлер мен ірі калаларда фермерлерге тегін сауда орындары ұсынылатын жәрменкелер өткізіп жатқанын алға тартты. Осы жылдың басынан 3 мыңнан астам ауыл шаруашылығы тауарларының жәрменкесі ұйымдастырылып, оларда өнім нарықтағыдан төмен бағамен ұсынылыпты.


Сонымен қатар отандық өндірісті қолдау және казакстандық тауарлардың сауда желілеріндегі сөрелерге еркін қолжетімділігін қамтамасыз ету үшін Сауда және интеграция министрлігі заңнамаға өзгерістер дайындау үстінде. Атап айтқанда, жеткізілімдер үшін төлемді кейінге қалдыру мерзімін 30 күнмен шектеу ұсынылды. Өйтпесе, ауыл шаруашылығы өндірушілері өнімдерін каладағы супер-гипермаркеттерге жеткізіп, олар сатылып кеткенімен, сауда ұйымдары мен делдалдар оның ақысын төлеуді қатты кешіктіреді екен. Бұл ауыл шаруашылығы өндірушілерін айналымдық қаржыдан айырады, кредит алғызып, қарызға батырады.

Сондай-ақ жаңа заң жобасында отандық өнімдерді сөрелерге орналастыруға қоғамдық бақылау тетігін енгізу ұсынылған. Тұрғындар мәселен, отандық өнімдерді сөреден жаппай алып тастау сияқты заңбұзушылықтарды тіркеп, фото-видеосын уәкілетті органға уақытлы жолдай алады. Ол үшін «Сапалы өнім» жүйесі әзірленіп жатыр.

Өз кезегінде Ауыл шаруашылығы министрлігі сиыр етінің қымбаттауына объективті себепті байқап отырған жоқ. Ведомствоның ақпаратынша, мал шаруашылығында 2025 жылдың бірінші жартысында барлық мал түрінің басы өскен. Соның ішінде ірі кара мал саны — 8,3%-ға (8,8 млн бас), қой мен ешкі — 0,8%-ға (21,5 млн), жылқы — 4,7%-ға (4,6 млн), құс 2,7%-ға (47,7 млн) көбейді. Бұл өнім өндірудің артуына ықпал етіпті: ет (тірідей салмақта) — 529,9 мың тонна (+1,5%, статорман дерегінен ерекшеленеді), сүт — 1,8 млн тонна (+7%), тауық жұмыртқасы — 2,2 млрд дана (+0,9%).

— Азық-түлік өнімдерін өндіру көлемі 10,5%-ға өсіп, 1,8 трлн теңгені құрады. Ет өңдеу көлемі артты. Қазақстан өзін негізгі азық-түлік өнімдерімен 80-100% және одан да жоғары деңгейде қамтамасыз етіп отыр. Ет, сүт, жұмыртқа, көкөніс, үн — мұның бәрі еліміздің тұрғындарының қажеттілігін толық өтейді, — деп сендірді Ауыл шаруашылығы вице-министрі Ермек Кенжеханұлы.

Қалай болғанда, еңселі кеңселерден таратылып жатқан қорық есеп пен еклінді көрсеткішті нарықтағы баға бұзады. Сиыр саны, сойылған ет көлемі өссе, еті неге қымбаттайды? Нарық заны бойынша ұсыныс артса, баға төмендеуге тиіс. «Мен не деймін, домбырам не дейдінің» кері. Қымбатшылықтың маусымдық емес, жүйелі сипат алғаны байқалады. Ендеше онымен күресу үшін жүйелі, кешенді іс-шаралар қажет. Оның бірі ауыл шаруашылығы кооперативтерін қарқынды, қаптаып құру идеясына оралу болса керек.



Елар КАБА (информация)

ҚР ҰБ ресми бағамына жүгінсек, 2025 жылғы 27 тамызда 1 америкалық доллар 533,87 теңге тұрады. Астаналық айырбастау бекеттерінде оны 540 теңгеге дейін сатып жатыр. Олай болса, табыз айының қорытындысында республиканың одақ бойынша орналасу орны да өзгерері сөзсіз.

ҚЫМБАТШЫЛЫҚҚА НЕ СЕБЕП?

Сарапшылар сиыр етінің мынадай қарқынмен қымбаттауының бірнеше себебін атады. Біріншіден, валюта бағамының шарықтауына байланысты енді етті ел ішінде емес, сыртқы нарыққа сату әлдеқайда тиімді. Бұл ретте жаһандық нарықта барлық ет түрі арасындағы ең жеңсік ас сиыр еті саналады, оған сұраныс жоғары. Қазақстан Үкіметі сиыр етінің экспортына толық тыйым салмады. Ел Үкіметі 2025 жылғы мамырда тек бұқалардың шетелге экспортына 3 ай мерзімге тыйым салды. Бұған сиыр еті бағасының өсуі себеп болғаны мәлімделді. Десек те, бұл шара салмақты тиімділік әкелмей, баға жоғарылады. Сондықтан

орташа айлық жалақыға немесе 407 мың теңгеге орта есеппен 127,2 келі сиыр етін сатып алуға болатыны туралы тоқтамға келді.

— Өңірлік бөліністе бұл көрсеткіш бойынша Атырау (217,4 келі), Жезқазған (165,8 келі) және Ақтау (163,9 келі) көшбасшы саналады. Атаулы айлық жалақыға сиыр етін өте аз сатып алатындар қатарына Шымкент (90,5 келі), Петропавл (92,2 келі) және Қонаев (94,6 келі) тұрғындары қосылды. Астанада бұл көрсеткіш 158,8 келіні, Алматыда 162,3 келіні құрайды, — деп хабарлады агенттік.

Халықаралық Numbeo сервисінің ақпараты басқа. Ол да ресми статистиканы басшылыққа алған. Әйткенмен, орташа айлық атаулы жалақыдан барлық алым-салықты алып тастап, казакстандықтардың қолына алатын орташа «таза» жалақысын есепке алыпты. Сондай-ақ 1-сұрыпқа жататын етті —

жылғы қаңтар-маусымда 182,3 мың тонна таза ет қана алынған, бұл былтырғыдан (184,3 мың тоннадан) 1,1% аз.

Бұрынғы Ауыл шаруашылығы министрінің орынбасары Төлеутай Рахымбеков елде бұл еттің қымбаттауының тағы бір себебін атады: қыста азықжемді аз жейтін қойға және тіпті қарда тебіндеп өз бетімен жайылатын жылқыға қарағанда бүгінде шығыны көптеу сиыр өсірумен айналысуды қалайтын ауылдықтар саны азайып бара жатыр.

— Бұл да еттің тапшылығына әкелді және биыл сиыр еті бағасының өсуінің бір факторына айналды. Малдың 80%-дайы ауыл тұрғындарының, ұсақ шаруа қожалықтарының қолында шоғырланған. Оның бәрі сиыр өсіруден бас тартса, таршылықтың көкесі сонда болар?! Мемлекет сиыр бағатын қарапайым ауылдықтарға көмектесуге ықыласты емес. Салдарынан арзандатылған кредиттер мен субсидиялар олар үшін қолжетімсіз. Мұның сыртында азықжем бағасы тоқтаусыз қымбаттайды, — деді Т.Рахымбеков.

АШМ Үкіметтен көмек алғысы келетін ауылдықтарды кооперативтерге бірігуге мәжбүрлейді, онсыз жәрдемдеспейді. Ал кооператив деген — біреуге тәуелді болып қалу деген сөз. Бұған қоса, кооперативке бірігу қосымша алымдар мен шығындарға соқтырады. Сондай-ақ кооператив алған қарыздар оның мүшелеріне тең артылуы мүмкін.

Мысалы, 2016 жылы 2017-2021 жылдарға арналған Агроөнеркәсіп кешенін дамыту мемлекеттік бағдарлама-

жакты өңдеу жүйесі жолға қойылуға тиіс. Мұны дамыған елдер түгiл Өзбекстан, Қырғызстан, Ресей, Әзербайжан сияқты көршілер жасай алды, демек мән берсе, Қазақстанның да қолынан келеді.

Төртіншіден, кооперативке біріккен ауылдықтарды техникамен, жабдықтармен, азықжеммен, асылтұқымды бұқамен және басқасымен қамтамасыз етіп, материалдық-техникалық базасын нығайту қажет. Бесіншіден, аудандарда ветеринарияның, жануарларды жасанды ұрықтандырудың тұтас қызметтерін қалпына келтірген абзал.

Алтыншыдан, аудандарда сервистік-дайындау орталықтарын құру керек. Оның негізінде ауыл шаруашылығы өнімдерін бастапқы өңдеу цехтарын ашуға болады. Жетіншіден, екі жыл бұрын Мәжіліс депутаттары да елдің бірнеше өңірін жұт жайлағаны туралы мәселе көтеріп, депутаттық сауал жолдады. Бұдан бөлек, мал өсірудің ебі мен қырын білмей, оны қырып алған фермер бар. Сондықтан сарапшының пайымдауынша, ауылдықтарды, әсіресе, онда қалған жастарды қазіргей каладағы колледжге сабылтықсызбай, ауыл шаруашылығын жүргізудің машығына сол жерде үйрету, тұрақты түрде онлайн және офлайн кеңес беру жүйесі жолға қойылғаны маңызды.

БАҒАНЫ ТЫЮДА НЕ ТІРЛІК БАР?

— Кейде шенеуніктер телеарнадан сөйлегенде, ауыл тұрғындарының шешенін жалқау болып кеткенін, мал бақ-



Бұл бұдан екі аптадан астам уақыт бұрын ойға келген тақырып еді. Абай облысындағы онкүндікке – Абайдың 180 жылдығына арналған аламан тойға бара жатқанбыз. «Абай тойы бір қазақ жасап, екінші қазақ қонақ болатын той емес, Ол – әр қазақтың өз тойы» деген сезіммен жиналғанбыз. Ол – ұлттың әр өкілі жанжүрегімен тойлайтын, тұтас халықтың тойы деген түйсінудегі ақын көңіл ғой. Ойланып, сайланып, буынып-түйініп шыққан бетіміз еді. Жетісу жерінен жел шалқытып өткен желікті көңіл арқа кемеріне ілініп, Аягөз асқан тұста сабырсы түскен. Өнге елтігендей әсермен бірден жазып тастамақ болған әлгі тақырып ауырлап, енді ол жайлы ойлаған сайын санамыз салмақ тарта бастаған.

АБАЙҒА БАРУ

Абай тойына – Абай облысына бару «Абайға бару» емес, оған баруға құлшыну ғана екен. Ол – Абайға баруды мақсұт тұтып топтасқан жұрттың арасында болу. Ол ұйымдастырушы топ той үшін тапқан талайым ойларды таратып қойған онкүндік бағдарламаға, яғни сол той-думанға қатысу екен. Абайға барсам деген бұл сапар Абайды тани түсуге тартқан тағылымды іс-шараның ішінде болу ғана; Жидебайға – Абай жатқан жерге бару, хакімге жакындаудың адал ниеті ғана екен.

Сонда «Абайға бару» деген не? Ол – Абай әлеміне бару, парасат кеңістігіне өту; ұлт болмысының асыл қойнауына ену; Ұлттық мұратқа ұмтылу. Сөздеріміз бұлыңғырлау болып кетті ме? Ендеше былай айтайық.

АБАЙҒА БАРУ – СӨЗ ТАНУ

Бізше, ол – ұлттың болмыс бітімін ұйытқан ұлт сөзіне бару.

Ортаға жеткізер ойын бейнелеп айтатын «Қиялай шабатын, қисынын табатын, (қашқан) тағыны жетіп қайыратын» жүйрік тіліміздің қасиетін сезінуге бару. Ол – «Өткірдің жүзінен, кезтенің бізінен (өткір) сөзімізді ұғынуға көңіл қой.

Ол – «бес нәрседен қашық, бес нәрсеге асық болу»; «ынталы жүрекпен» «ғылым таппай» тоқтамас дағдын болу.

Ол – «Сананда сәулен барда тұтас ұлт түп-түгел топтасып, «Единица жақсысына (бір бірлік мақсұтқа) топтасып, тұп-тұтас ұлт болу жолына түсу. Себебі: ұлттың бүкіл болмысы оның сөзінде. Сөзді ұқпай тұрып, сөз мәнін білмей тұрып ұлт болу, сол ұлттың өкілі болу мүмкін емес. Абайға барған кісі қазақ сөзінің мән-маңызын ұғынып, мәйегін дәмін алады. Сол сөздің мәнінен өзін – қазақтық бітімін табады.

Абайға барған кісі қазақ сөзінің ға-жайып бейнелегіш қасиетін, қазақ деген халықты бар қылған бағасыз асыл болмысын біледі.

Абайға бара алған кісі қазақ сөзінің осыншама жүйрік, осыншама өткір, оралымы соншама көркем, «алыстан сермеп, жүректен тербеп, шымырлап бойға жайылатын» қазақ тамырында соғып тұрған қан сияқты, ұлтты тірі, ірі көрсетіп тұрған асыл тіл екенін көреді. Ол өзін қазақ қыл тұрған да, ұлтты ұлт қылып тұрған да қазақ сөзі екенін көреді. Қазақстанды мемлекет етіп, оның дербестігін көрсетіп тұрған ол – қазақ тілі екенін шын танып біледі.

АБАЙҒА БАРУ – ҰЛТТЫҚ ТҮТАСТЫҚ

«Сәулен болса кеудеде» деген өлеңдегі Абайдың «единица жақсысы – сенген

АБАЙҒА БАРСАҢ...

елі өңшең нөл» деп тамсанатыны, сондай елге қызығатыны, сондай тұтастықты сонша ансайтыны бар. Бірақ бұнын оқушы назарына іліге бермейтіні, басқа өлеңдері сияқты жұртқа тарамайтыны, талдауға түспейтіні неден? Ол Абайға бармағандан – Абайға барар жолға мықтап түспегеннен. Мемлекеттік ойдаудың санадан шығып кеткенінен.

Абайға кім бара алған? Алаш көсемдері барған, Абайды маяк тұтқан. Олар «Тірі



ғылым-білімге құштарлығы, еңбекшілдігі, махаббаты.

АБАЙҒА БАРУ – АЛЫС МАҚСҰТ

*Қайратым мәлім
Келмейді әлім
Мақсұт алыс.
Өмір шак.
Өткен соң базар,
Кеткен соң ажаз,
Не болады құр қозжақ.
Кештеп қайтар жол емес,
Жол азығым мол емес.*

Бұл шумақ екі жүз жолдан тұратын «Сегіз аяқ» деген өлеңнің 97-104-жолдары ғой. Қазір көп қазақ «мақсұт» деп жазып берсең, «мақсат» деп оқиды. «Мақсұт» дегеніміз – мыңдаған мақсаттардың жиынтығы. Ол – өмірлік мұрат. Ол – тұтас ұлттық мұрат. Оған – оны орындауға адам өмірі жете бермейді. Осы шумақтағы Абайдың «Мақсұт алыс, өмір шак» дейтіні, «Кештеп қайтар жол емес, жол азығым мол емес» дейтіні содан.

Абайға барар жол да солай «кештеп қайтар жол емес». Ол – ғұмырлық сапар, тіпті ол – тұтас ұлт ғұмырының белгілі кезеңімен, кезеңдерімен өлшенер сапар.

Біз мысалға алып отырған шумақты Абай жазғанымен «Сегіз аяқты» айтқыш әншілер ешқашан айтпаған. Керек десеніз, соңғы басылымда «Кеш деп қайтар жол емес» деп қате жіберіпті. (Халықаралық қазақ тілі қоғамы. 2024).

«Абайға барсан» деген мағынаны тарқатқанда, Абайға бара алмайсың дегеніміз жоқ. Абайға барар жолда Аягөзге – Абай облысының шетіне іліндік дегеніміз сияқты, Абай әлеміне барар жолда оның рух өлкесіне сіз де кіресіз. Жүрген сайын биіктейсіз – Абай биігіне жақындайсыз. Жүрген сайын көбейесіз, топтаса түсесіз.

АБАЙҒА БАРАР ЖОЛДЫ ЖОЙҒАНДА

Абайдың 1995 жылы өткен 150 жылдық тойы ұлт тойы дербестік тойы деңгейінде өткен болатын. Бұл сол тұстағы билікте отырған топқа секем алдырған ұлттық серпіліс еді.

Ол – Абай рухы ұлтты тұтастыра түсетін, оята түсетін, дербестік рухын көтере түсетін құбылыс екенін айқындаған. Ол кездегі мемлекет байлығын жекешелендіруге құлшынған билеуші топқа ондай

құбылыс сипатты ұлттық рух маяғы керек емес еді. Олар Абайға апарар жолды жою, тоз-топаланын шығару керек деген ұлтқа қастандық шешімін қабылдады.

Абай туған облысты жойды. Алаш қаласы Семейді қараусыз қалдырды. Осы жолғы онкүндік тойда облыс әкімі Берік Уәли 1981 жылы КСРО кезінде салынған Мәдениет сарайында қалың ақын-жазушының алдында тұрып, Тәуелсіздік алғалы, тіпті «43 жыл ішінде Семейде бір де бір мәдениет ошағы салынбады» дегенде сай-сүйегіміз сырқырады. Ол уақытта біз Еліміздің басқа өңірінде миллиондық қала салып, триллиондарды шетел асырып жаттық қой. Қыстық Азия ойындары, қаласын, ЕХРО қалашығын салып тастап едік.

«АБАЙҒА ҚАЗАҚ БАРМАСЫН» дегендей. Семейді жолсыз, Қарауылды қараусыз қалдырған уақыт көз алдымызда болды. Соны көріп те «Ет жүректің сөзін айтпай, ерінің сөзін» айтып сорайып біз жүрдік. Сонда да, арып-шаршап, салтана-ты қашқан Семейге, Абайға, Жидебайға барып жүрдік.

Олардың қаскөй мақсаты – қантарда талқандалып, қастығы қайырылып басына тиген, тойтарылған тұста Абай елінің де ақ таны асты еді.

АБАЙДЫ КАСТЕРЛЕУ

Бұдан үш жыл бұрын екі тізгін, бір шылбыр қолына тиген кезде бүгінгі Президентіміз Қасым-Жомарт Кемелұлы Тоқаев керемет Қаулы шығарды. Абай атын облысқа беріп, Абай рухын аспанға көтерді. Онсыз да орасан соққы көрген Алаш қаласы Семейді сенім кернеді. Қазақтың еңсесі тіктеліп, ұлттың үміті оянды.

Алаш қаласы алақанның жылуын сезді. Абай облысы алқалы жұрттың жүрегін бауралды. Әбден бүлінген Абайға барар жол ашылды. Алаш оянды. Отан ауқымындағы облыс атаулының бәрі де Абай елінің еңсе көтеріне, Абай жерінің түлгей түсуіне, түрлене түсуіне құлшына толғабыс жасай бастады.

Егер осы күндері Абайға барсан; егер осынау онкүндік Абай тойы ұлт тойы деңгейімен өткенін көрсен; оған он тоғыз облыстан орасан зор тартуымен келген ұлт зиялыларын көрсен, өзгеше бір биік бақытқа кенелерен. Абайды туған өлкедегі хакім құдіретін сезінер едің.

Семей стадионында елу мың кісі Абай әнін шырақп тұрса, олар кілен жастар екенін көрсен, он күн бойы Жидебайға ағылған жұрттың жайдарман жүзін көрсен, Қарауылға – Қарауылтөбенін бауырына қырық мың кісі топтасқан тойды, ондағы ұлттық белгісі айқын шараларды көрсен, соның бәрінң Абайға барғанын көрсен, өзіннің де Абайдың парасат әлеміне бара жатқаныңды сезесің.

Олар Абай облысының кең топырағын басып, шалғынын кешіп, дариясын бойлап жүр ме? Ендеше дәл сол уақытта олар Абай феноменінің ізгілік өлкесінде жүр деңіз.

Абай рухы – ұлттың өсу жолын айқындайтын темірқазық. Ол – бағыт айқындаушы маяк.

Абайға бар. Абайды оқы. «Бірінді, қазақ, бірін дос, Көрмесең істің бәрі бос».

Алмас АХМЕТБЕКҰЛЫ,
Семей, Жидебай, Қарауыл

ЭКРАН



Осыдан он жыл бұрын кинотеатрларда тек шетелдік фильмдер көрсетілетін еді. Ал қазір көрермендер қазақ киносының әр премьерасын асыға күтеді. Кинотеатрларға жиналған жұрттың ұзын-сонар кезегі – соның дәлелі. Себебі әр адам өз елінің тарихын, тағдырын, тілі мен болмысын экраннан көргісі келеді. Жалпы, қазақ киносы халықты біріктіретін қуатты мәдени күшке айнала алды ма? Қай фильмдер киносыншылардың оң пікіріне ие?

А Көктем ҚАРҚЫН

БЫЛТЫР КИНОНАРЫҚҚА 100 ФИЛЬМ ҚОСЫЛҒАН

Соңғы бес жылда қазақстандық көрерменнің киноға деген қозғарасы өзгерді. Қазір олар тек жеңіл комедияға емес, сапалы драма мен әлеуметтік маңызды бар фильмдерге де қызығушылық танытады. Отандық киноның жаңа серпінге ие болуына бірнеше фактор әсер етіп отыр. Оның бірі, мемлекеттік қолдаудың жыл сайын артуы болса, екіншісі – жеке продюсерлік компаниялардың белсенділігі. Кинотанушы Баубек Нөгербектің айтуынша, қазақ киносының әр жанрда дамығаны жақсы. Ко-ме-

дияның да түр-түрі бар. Мысалы, «Асыққан сағат» фильмі комедия мен фантазияны ұштастыра білген. Бұл фильм адамдардың уақытты бағаламайтынын көрсетеді. Көрерменді көп тартатын, қызықтыратын жанрдың бірі – хоррор. Оған мысал, «Дәстүр» фильмі. Бүкіл жанрлар қамтылса, ол қазақ киносының жетілгенін көрсетеді. «Ақтастағы Ахико» фильмі де шынайы оқиға негізінде түсірілген тарихи фильм. 2024 жылы отандық нарыққа 100 жаңа фильм қосылды. Бұл – тарихта болмаған үлкен көрсеткіш. Басым көпшілігін жеке-меншік киностудиялар түсірген. Бұрын кинотеатрларда қазақша кинолар аз еді. Ал қазір басым бөлігі – отандық туындылар. Мұның өзі үлкен жетістік.

ҚАЗАҚ КИНОСЫ ҚАЙДА БЕТ АЛДЫ?

– Экранға шыққан фильмдерден Кенжебек Шайқақовтың «Айқай», Мұрат Есжановтың «Оян, Қазақ» фильмдерін атап өткім келеді. Екеуі де қазақтың өткен тарихы жайлы. «Айқай» 1989 жылдары Семей полигоны жабылу қарсаңындағы бір отбасының өмірін көрсетеді. Басты рөлдегі актер – кинода да, өмірде де ерекше қажеттілігі бар адам. Кино қазақтың жанайқайын, экологияға тигізген зардап-тын кесірін көрсетеді. Сонымен қатар әлеуметтік мәселелерді де ұштастыра білген. Бұл фильм өз нарығымызда жоғары рейтинг көрсетпесе де, шетелдік байқау-лардан бірнеше жүлде алды. Оған маркетингтің әлсіз болғаны да әсер етті. Ал «Оян, қазақ» фильмінің жарнамасы жақсы жүргізілді. Сериалдардан алынған, толық-метрлі фильм болса да, кинотеатрда халық-тың сұранысына ие болды. Киноның қазақ мәдениетіне, тарихына қосар үлесі зор, – дейді Баубек Нөгербек.

Кинотанушы «Алаш» тақырыбы әлі де актандақтарға толы, әлі де зерттеуді қажет ететінін айтты. Көрерменге беймәлім тарихты экран арқылы насихаттау ұтымды. Көркемдік жағынан алып қарасақ та, екі фильм жоғары деңгейде жасалған. Қазақ-стан киносыншылар қауымдастығы да екі фильмге арнайы жүлде берді.

ӘЛЕМ НАЗАРЫНДАҒЫ – ҚАЗАҚ КИНОСЫ

Қазақ киносы тек ішкі нарықта ғана емес, әлемдік деңгейде де мойындалып келеді. Бұған халықаралық кинофестивальдерде жүлде алып жүрген жас режис-серлер мен олардың ерекше туындылары дәлел. Атап айтсақ, Фархат Шаһіровтің «Тренинг личного роста» фильмі 2019 жылы Мәскеу кинофестивалінде Гран-при ұтып алды. Ал режиссер Әділхан Ер-жанов – Канн, Венеция, Карловы Вары фестивальдерінің тұрақты қонағы.

– Соңғы жылдары қазақ кино өнерінің қарыштап дамып, экранда көрінетін туын-дылардың саны артқаны айқын. Отандық фильмдеріміздің ортасынан, ұлттық құн-дылықтарымыздың өзгерістерін терең философиялық оймен саралап, көрерменге экран арқылы терең мағыналы сұрақтар қойып, көркемдік биігімен ерекшеленетін, жанымызға әсер ететін бірлі-екілі ғана

туындыны атауға болады. Шынайы өнер туындылары көрерменнің жан дүниесін тербеп, оны жаңа ойларға жетелеуі тиіс. Осы тұрғыдан алғанда, көңілді аулап, са-наны оятуға бағытталған, жүрекке терең әсер қалдыратын фильмдер қатарында Дәрежан Өмірбаевтың «Ақын», Дәулетжан Махмұттың «Глобус» және Асхат Кучин-черекөвтің «Бауырына салу» сынды фильмдері еске түседі, – дейді киносыншы Дана Өмірбекова.

Оның пікірінше, Дәрежан Өмірбаевтың «Ақыны» – капиталистік қоғамның қысы-мына қарсы тұрып, руханы құндылықтарын сақтауға тырысқан, өнерін сатудан бас тартқан кейіпкермен таныстырады. Ол үшін материалдық пайдалан жоғары тура-тын руханияттың ығыстырылуы – түсінік-сіз әлем. Фильм сонымен қатар техноло-гияның қарқынды дамуының тілімізге тигізіп жатқан ықпалын, жасанды интел-лектінің шығармашылықты төмендетіп, өнер иелерін қажетсіз етіп бара жатқанды-ғын ашық айтады. Бұл туынды тек сөз өнерінің шеберлеріне ғана емес, жалпы кез келген шынайы өнер адамына – режис-серге, жазушыға, күйшіге қатысты.

– Дәулетжан Махмұттың «Глобус» фильмі – кедейшіліктің қасіреті мен тар-шылықтың тауқыметіне терең үніліп, қоғамды жайлаған жемқорлықтың зала-лын батыл бейнелейтін туынды. Фильмде ақша үшін туған бауырлардың да бір-бірінен алшақтап, тіршілік үшін күрескен жасөспірімнің тағдыры арқылы заманауи қоғамның күрделі мәселелері көтеріледі. Асхат Кучинчерекөвтің «Бауырына салу» фильмі – бұл бізге ата-бабамыздан мирас болып қалған, ұрпақтан-ұрпаққа жалға-сып келе жатқан дәстүрлеріміздің бүгінгі заман ағымымен үйлесімділігін саралап, оларға сыни көзбен қарауға, тіпті заман талабына сай қайта қарастыруға ша-қыратын терең философиялық сауалдар тастайтын туынды. Бұл фильм сөзсіз, көрерменнің жан-тәнін тербеп, оны терең ойға жетелейді, – дейді Д.Өмір-бекова.

КАТАСТРОФА ЖАЙЛЫ АЛҒАШҚЫ ФИЛЬМ

Қазақ киносы тек бір бағытта ғана түсірілмей, әр жанрды қамтуға тырысып

жүр. Бұл әрине, шығармашылық топтың ізденісінің арқасында жүзеге асуда. Ай-талық, 4 қыркүйек күні прокатқа шыға-тын режиссер Думан Еркінбектің «Қай-тадан» фильмі – елімізде түсірілген ал-ғашқы катастрофалық кино. Әлем кине-матографиясында кең таралған бұл жанр Қазақстанда алғаш рет қолға алынып отыр.

– Фильмнің идеясы маған 2020 жылы келді. Сол жылы Алматы облысындағы Күрті ауылында бір түсірілімде жүргенбіз. Сол ауылдың шетінде үлкен дамыны көріп, «егер жарылып кетер болса, ауылдың түгі қалмайды ғой» деген ой келді. Ақыры, осы идеяны дамыта келе, «Қайтаданның» сценарийін жазып шықтық, – дейді Думан Еркінбек.

Фильм «Қайтадан» аталуының өз себебі бар. Бұл сөздің астарында «адамзат өз қателігінен сабақ ала ма әлде сол қатені қайта-қайта жасай ма?» деген терең фило-софия жатыр. Режиссердің айтуынша, уақытында шешілмеген мәселе міндетті түрде қайталанатын. Сондықтан «Қайтадан» – тек табиғи апат жайлы емес, қоғамға жасалған ескерту.

– Бұл фильм Мәдениет және ақпарат министрлігі мен Ұлттық киноны қолдау Мемлекеттік орталығының қолдауымен түсірілді. Кино түсіру – шығыны мен ма-шакаты көп жұмыс. Әсіресе, судың гра-фикасын жасау бізге қиынға соқты. Бұл – киноиндустриясы енді дами бастаған, бізді былай қойғанда, Голливудтың өзі киналатын іс. Мәселен, атакты Джеймс Кэмерон өзінің «Аватар. Су жолы» фильмінде мінсіз графика жасау үшін жүздеген миллион доллардан асатын қаржы мен ондаған жыл жұмсаған. Өкі-нішке қарай, бізде ондай қаржы мен уа-қыт болған жоқ. Сондықтан жеке пәтерім-ді сатып, қаржысын осы фильмге салуыма тура келді, – дейді жоба продюсері Жалын Тілеуберген.

«Қайтадан» фильмі – қазақ киносының жанрлық тұрғыдан жаңа белеске шыққа-нын көрсететін еңбек. Ол тек көрерменді қызықтырып қана қоймай, ойландырады, қоғамдағы өзекті мәселелерге назар аудартады. Ендеше тарихи сәттің қуәгері болу үшін 4 қыркүйекте «Қайтаданды» тамашалауға барыңыз!

АЙМАҚ

28 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

СЕРГЕЛДЕҢГЕ
САЛҒАН САМОКАТ

Алматы көшелерінде самокат тізгіндеушілердің саны күн санап артып барады. Көрсеткіштің өсуіне қаладағы көлік қозғалысы да айтарлықтай әсер етіп отыр. Алайда самокат жеңіл әрі қолжетімді көлік түрі болғанымен, кейде ол көлік жүргізушілері мен жаяу жүргіншілерге де залалын тигізіп жатады. Биылдың өзінде мегаполисте самокаттың қатысуымен 200-ге жуық жол апаты тіркелген. Оқиға салдарынан 200-ден аса адам жарақат алған.



А Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ,
Алматы қаласы

Қазір шаһарда самокатшылардың жаяу жүргіншілерге арналған жолда жүйткіп өтіп бара жатқанын жиі көруге болады. Тіпті, олардың автожолда да еш кедергісіз емін-еркін жүргенін байқамау мүмкін емес. Заңда жылдамдықты сағатына 25 шақырымнан асырмау қажет деп бекітілгенімен, қос дөңгелекті тізгіндеген жүргізушілерге бұл ереже әсер етпей тұрған сынайлы. Осыған дейін самокатшыларға қатысты арызды жаяу жүргіншілерден жиі естісек, қазір көшедегі көлік жүргізушілері де жолдағы тәртіпсіздік үшін жиі шағымданатын болған. Себебі кей самокатшылар жылдамдықты шамадан тыс арттырып, сағатына 80 шақырымға дейін жүйткіді. Аталған мәселеге байланысты Алматы қалалық Полиция департаментінің ресми өкілі Салтанат Әзірбек құқықбұзушылықтар анықталып, олар ҚР заңнамасына сәйкес жауапқа тартылатынын мәлімдеді.

**КӘМЕЛЕТ ЖАСЫНА
ТОЛМАҒАНДАР ЖИІ КЕЗДЕСЕДІ**
Полицейлердің айтуынша, самокаттың қатысуымен болатын апаттарға көбіне жүргізуші тәжірибесінің жоқтығы себеп болып отыр. Әсіресе, олардың арасында

кәмелет жасына толмағандар жиі көзге түседі. Қазір қала тұрғындарының арасында да пікір екіге жарылған. Бірі – самокатты көлік кептелісінде уақытты үнемдейтін қолайлы құрал десе, енді бірі оны жол қозғалысына төңдірер қауіп деп санайды. Осыған дейін Ішкі істер министрлігі самокат тізгіндегендерге мемлекеттік нөмір тағуды міндеттеу мәселесін көтерген еді. Бірақ көп ұзамай бұл ұсыныс мақұлданады. Расында, самокатшыларға мемлекеттік нөмір тағуды міндеттеу оларды тәртіпке шақырып, жолдағы қауіпсіздік мәселесін шешуге көмектесе ала ма?

Тәртіп сақшыларының айтуынша, мұндай іс-шара самокат жүргізушілерінің жауапкершілігін арттырып, тәртіп бұзушылықты анықтауды жеңілдетер еді. Оған себеп, жоғарыда айтып өткеніміздей, қазір жаяу жүргіншілер жолында зулап, ережені сақтамайтындар көбейген. Ал мемлекеттік нөмір енгізілген жағдайда олардың кім екенін анықтау бұрынғыдан оңайырақ болмақ.

Дегенмен транспорт саласының сарапшылары мен урбанистер бұл ұсынысқа күмәнмен қарайды. Урбанист, зерттеуші Әдия Қарсыбектің айтуынша, самокат мәселесін айыппұл немесе мемлекеттік нөмір арқылы шешу – «ашық сыныққа жапсырылған пластырь» іспет-

ті уақытша амал ғана. Негізгі түйткіл қаладағы қоғамдық көлік мен инфрақұрылымның жетіспеушілігінде жатыр.


— Қала тұрғындарынан транспорттың дұрыс жолға қойылмағаны жөнінде көп сын естимін. Шаһарда үнемі кептеліс. Сондықтан адамдар самокатты тандайды, өйткені олар шексіз кептелісте тұрғысы келмейді. Бұдан бөлек, қалада BRT пен LRT-ны дамыту жайлы бастама талай жылдан бері көтеріліп келеді. Бұл қала халқының жай ғана қалауы емес, шын мәнінде, қажеттілігіне айналып отыр. Мемлекеттік нөмірді міндеттеу туралы шешімнің де өз әсері бар шығар. Бірақ бұл өртті сөндірумен тең деп ойлаймын. Бұл дегеніміз — мәселенің түпкілікті себебін түсінудің орнына, әзірге уақытша амалдар жасалып жатыр деген сөз. Қоғамдық көлік мәселесін белсенді әрі жедел түрде шешкеніміз жөн. Ал қарапайым адамдарды айыппұлмен жазалау түйткілдің түйінін тарката алмайды, — деді урбанист.

ИНФРАҚҰРЫЛЫМ ЖЕТКІЛІКСІЗ

Урбанистін сөзінше, ең әуелі қалалық мобильдік саясатын қайта қарау қажет. Қоғамдық көліктің қолжетімділігі мен сапасы артпайынша, тұрғындар балама көлік түрлерін таңдауға мәжбүр. Бұл өз кезегінде кептелісті азайтпайды, керісінше, қайта көбейте түспек.

— Шынын айтқанда, қазіргі уақытта қалада әлі де инфрақұрылым жеткіліксіз. Инфрақұрылым барлық жол қозғалысына қатысушыларға таңдау еркіндігі мен олардың қауіпсіз қозғалуы үшін мүмкіндік беруге тиіс. Ол үшін қалада транспорт жүйесін дамытуға арналған нақты стратегия болуы маңызды. Самокаттар да велосипедтер сияқты бөлек жолақпен жүруі қажет. Бұл жолақ жаяу жүргінші тротуарынан да, автокөлік жолынан да бөлек болуға тиіс. Сондай-ақ самокат мінүшілер міндетті түрде басқана қасқа киіп, ымыртам немесе түнде көзге көріну үшін жарық шағылыстыратын киім немесе арнайы жолақ тағуы керек. Негізі, Алматыда транспорт саласының мамандары жеткілікті, түрлі стратегиялар мен құжаттар да жасалған. Олар қаланың инфрақұрылымын қалай дамыту қажеттігін жақсы біледі, жиі айтып та жүр. Бірақ мәселе басқада, — деді урбанист, зерттеуші Ә.Қарсыбек.

Әлемдік тәжірибеге үнілсек, Еуропа елдерінде микромобильділік қалалық транспорттың маңызды бөлігі саналады. Осыған сәйкес, ел ішінде инфрақұрылымды дамытуға көңіл бөлініп, нақты ережелер де бекітілген. Сарапшылар бұл тәжірибе Қазақстан үшін де үлгі бола алатынын айтады. Мамандар транспорт жүйесін қала өміріне ыңғайлы ету үшін самокатты жалға беру қызметтерін қатаң бақылау, қауіпсіздік ережелерін міндеттеу, сондай-ақ тұрғындар арасында ағартушылық жұмысты күшейту маңызды екенін де айта кетті.



ОТБАСЫН
БАҒАЛАЙТЫН ЖҮЙЕ

Шымкент қаласының Әңірлік коммуникациялар қызметінде өткен брифингте қалалық жұмыспен қамту және әлеуметтік қорғау басқармасының басшысы Жанат Үтебаева жаңа әлеуметтік бағалау тетігі жайында кеңінен мәлімет берді.

А Назгүл НАЗАРБЕК,
Түркістан облысы

Мемлекет әлеуметтік қолдауды ең әуелі мұқтаж жандарға дер кезінде жеткізу үшін отбасылардың тұрмыс деңгейін әділ анықтайтын скорингтік модельді енгізіп отыр. Бұл жүйе бұрынғыдай тек табыс көлеміне ғана сүйенбейді, отбасының мүлкікті жағдайын, әлеуметтік мәртебесін, еңбекке қабілетті азаматтардың үлесін және тәуелді жүктемесін кешенді түрде сараптайды.

Жаңа модель төрт негізгі бағыт бойынша бағалау жүргізеді. Олар: материалдық жағдай — отбасының табысы, жылжымайтын және жылжымалы мүлкі, жер телімдері, кәсіпкерлікпен айналысу деңгейі есепке алынады. Екінші, материалдық емес факторлар — отбасы мүшелерінің білім деңгейі, еңбек нарығындағы белсенділігі, әлеуметтік мәртебесі назарға алынады. Үшінші, тәуелді жүктеме — балалар саны, қарттар мен мүмкіндігі шектеулі жандардың болуы, жалғызбасты ата-аналардың жағдайы ескеріледі. Төртінші, көлемкелі табыс көздері — бейресми кірістер, тіркелмеген мүліктер немесе пайдаланудағы қосымша активтер де талданады.

Мысалы, ресми табысы төмен болғанымен, бірнеше автокөлігі немесе жалға беретін жылжымайтын мүлкі бар отбасылар әлеуметтік көмек тізіміне кірмейді. Ал керісінше, шынымен қиын жағдайда қалған, еңбекке қабілеттілері жұмыс істесе де отбасын толық қамтамасыз ете алмайтын азаматтар бірінші кезекте қолдау алады.

Жүйеде төтенше мұқтаждықтан бастап, жоғары тұрмыс деңгейіне дейінгі

аралықты қамтитын алты сатылы шкала қолданылады. Бұл арқылы әр отбасының нақты әлеуметтік бейнесі айқындалады. Сонымен қатар кредиттік міндеттемелер, қарыздар, отбасы мүшелерінің денсаулығы, жұмыссыздық деңгейі сияқты қосымша факторлар да ескеріліп, әлеуметтік жағдайдың жан-жақты көрінісі жасалады.

Жаңа тәсіл тек материалдық жағдайды емес, әлеуметтік факторларды да қамтитынымен маңызды. Көпбалалы отбасылар, жалғызбасты аналар немесе әкелер, қарттар мен мүгедектері бар жанұялар қосымша көмекке мұқтаж санатқа енгізіледі. Сонымен бірге еңбекке қабілетті азаматтардың қаншалықты деңгейде тәуелді жандарды қамтамасыз ете алатыны сараланады.

Жанат Үтебаева атап өткендей, бұл модельдің басты артықшылығы — әлеуметтік әділеттілікті қамтамасыз ету. Бұған дейін кейбір жағдайларда қолдау шын мәнінде мұқтаж адамдарға жетпей келген болса, енді жаңа жүйе мұны барынша болдырмауға бағытталған. «Әлеуметтік қолдау шаралары қоғамдағы теңгерімді нығайтуға, әділдікті сақтауға және ең бірінші кезекте шынымен көмекке мұқтаж жандарға бағытталуға тиіс. Жаңа модель осы мақсатты жүзеге асырады», — деді басқарма басшысы.

Отбасының әл-ауқатын бағалаудың бұл жаңа жүйесі Шымкент қаласында ғана емес, бүкіл республика көлемінде әлеуметтік саясатты жетілдіруге ықпал етпек. Ол халықтың әлжуаз топтарына нақты әрі уақтылы көмек көрсетіп, әлеуметтік әділеттілікті күшейтуге мүмкіндік береді.

ЗАҢ ЖӘНЕ ТӘРТІП: ОРТАҚ МІНДЕТ

Елімізде мемлекеттік саясаттың негізін қалыптастыратын және қоғамдық даму векторын белгілейтін негізгі стратегиялық бағыт ретінде заң және тәртіп қағидаты қалыптасып келеді.



Президент тапсырмасына сәйкес, адамның құқықтары мен бостандықтарын әділ қамтамасыз етуге кепілі бола алатын — заң мен азаматтардың мемлекетке деген сенімін және жауапкершілігін қалыптастыратын — тәртіп орнатуға құқық қорғау органдары мен қоғамды жұмылдырудың маңызы зор. Маңғыстау облысының Әділет департаменті «Заң мен тәртіп» қағидатын ақпараттық ілгерілету мақсатында бірқатар шаралар

ұйымдастырып, азаматтардың құқықтық мәдениетін қалыптастыру бағытында жұмыс істеп жатыр. Әсіресе, Қазақстан Республикасы Конституциясының 30 жылдығы мерейтойы қарсаңында азаматтарға тегін заң көмегін көрсетуге арналған түрлі акциялар өткізудің нәтижесінде тұрғындарға «Азаматтарға арналған үкімет» МК КЕАК-на жүгіну тәртібі түсіндірілді. Сондай-ақ жаз бойы «Заң мен тәртіп» ақпараттық-түсіндіру апталығы

аясында прокуратура, полиция, сыбайлас жемқорлыққа қарсы қызмет, экономикалық тергеп-тексеру департаменті және басқа да уәкілетті органдардың өкілдерімен бірге азаматтарды мобильді қабылдау облыстың барлық аудандары мен елді мекендерінде, оның ішінде шалғай және алыс ауылдарда да ұйымдастырылды.

Маңғыстау облысының әкімі Нұрәулет Қиыбай 15 шілде күні Парламент Мәжілісінің депутаты Абзал Құспаннның қатысуымен өткен жиында: «Ең бастысы, қоғамда құқықтық тәртіп пен қоғамдық қауіпсіздікті нығайту жұмыстары жүйелі түрде жалғасуы тиіс», — деп атап өтті.

— Ел болған соң түрлі келеніс оқиғалар орын алады. Бірақ ең маңыздысы — оларға уақытылы және жүйелі түрде әрекет ету. Жауапты органдар профилактикалық шараларды барынша күшейтуге тиіс. Құқық қорғау органдары бұл бағытта негізгі жұмыс жүргізетін құрылымның бірі. Сондай-ақ сотталған азаматтарды қоғамға бейімдеу және жұмыспен қамтуды назарға алу керек. Қоғамдық қауіпсіздікті арттыру үшін электронды бақылау құралдарының санын көбейту маңызды. Бұл жұмыстарды жүйелі түрде жалғастыру қажет, — деді Нұрәулет Қиыбай.

Осы орайда Ақтау қаласында өткен «Отбасындағы зорлық-зомбылық — баланың болашағына төнген қауіп» тақырыбындағы дөңгелек үстелдің маңызына тоқталсақ болады. «Заң мен тәртіп» тұжырымдамасын түсіндіру мақсатында Ақтау қалалық Полиция басқармасы жергілікті полиция қызметі бөлімінің отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесі ұйымдастырған жиында бала құқығы және отбасылық, тұрмыстық зорлық-зомбылық мәселесі кеңінен талқыланды.

Отбасы-тұрмыстық зорлық-зомбылыққа қарсы күрес бөлімшесінің

басшысы Камила Қылишеваның айтуынша, аталған мәселеге байланысты 1 270 құқықбұзушылық дерегі тіркеліп, заңға сәйкес шешімдер қабылданған. Оның ішінде отбасы-тұрмыстық қарым-қатынастар аясында 203 әкімшілік құқықбұзушылық бойынша хаттама толтырылған.

— Іс-шараның мақсаты — тұрмыстық зорлық-зомбылықтың алдын алу, отбасылық құндылықтарды сақтау және бала құқығын қорғау мәселелеріне назар аударту. Ақтау қаласы ПБ жедел басқару орталығының деректеріне сәйкес, жыл

Биыл Ішкі істер министрлігі «Заң мен тәртіп» атты жаңа цифрлық сервисті іске қосты. Egov Mobile қосымшасы арқылы азаматтар полицияға тікелей құқық бұзушылықтар туралы хабарлауына болады. Қосымшаның басты бетіндегі арнайы «Заң мен тәртіп» түймесі арқылы хабарламаны жедел жолдау, өтініш қарапайым әрі түсінікті. Қоғамдық тәртіпті бұзу, тұрмыстық зорлық-зомбылық, жол-көлік оқиғасы немесе балаға төнген қауіп сияқты жағдайлар туралы дабыл бірден полицияға түседі және полиция қызметкерлері хабарлама

Ақтау қаласында отбасылық тұрмыстық қатынас саласында үнемі полицияға хабарлама беретін 102 отбасы анықталыпты. Арнайы топ олардың 46-ына барып, тұрғылықты мекенжайы бойынша профилактикалық сұхбаттар жүргізген. Кейбір мәселелер сол жерде шешімін тауып, азаматтар құқықтық кеңес алса, кейбір жағдайларда жазбаша өтініштер қабылданып, қарауға алынған.

басынан бері 102 желісіне 17 500-ден астам хабарлама тіркелген. Профилактикалық жұмыстар жалғасуда, — деді Камила Қылишева.

Сондай-ақ Ақтау қаласында отбасылық тұрмыстық қатынас саласында үнемі полицияға хабарлама беретін 102 отбасы анықталыпты. Арнайы топ олардың 46-ына барып, тұрғылықты мекенжайы бойынша профилактикалық сұхбаттар жүргізген. Кейбір мәселелер сол жерде шешімін тауып, азаматтар құқықтық кеңес алса, кейбір жағдайларда жазбаша өтініштер қабылданып, қарауға алынған.

түскен сәттен бастап әрекет етеді. Мақсат — полиция мен азаматтар арасындағы өзара әрекеттестікті жеңілдету және жеделдету, жедел әрекет ету деңгейін арттыру және көмекті барынша қолжетімді ету. Сервис тәулік бойы жұмыс істейді, өтініштер бүкіл ел аумағында қабылданады. Қазір «Заң мен тәртіп» атты жаңа цифрлық сервисті Маңғыстау облысында да тиімді қолға алып, бейінді ведомстволар тарапынан нәтижелі көрсеткіштерге қол жеткізіле бастады.

Тілегүл ЕСДӘУЛЕТ

ДОДА

28 ТАМЫЗ 2025 | БЕЙСЕНБІ

Әлеуметтік желіде көркем гимнастшылардың Бразилиядағы Алаш чемпионатындағы Әлем чемпионатындағы «Алаш аманаты» күйінің сүйемелдеуімен өнер көрсеткені қызу талқыланып жатыр. Себебі туынды авторы Бауыржан Ақтай «шығармаларымды би қою үшін жазбаймын» деп кесіп айтты. Автордың алдынан өтіп, рұқсат сұрамағанына наразы. Ал бапкер Меруерт Балғынбаева 22 жылда бірінші рет осындай жағдаймен бетпе-бет келгенін айтады.

Даудың басы Бразилияның Рио-де-Жанейро қаласындағы көркем гимнастикадан өткен Әлем чемпионатында басталған. Құраманы бұл бәсекеге білікті бапкер Меруерт Балғынбаева баптады. Хореограф – Шыңғыс Әсетұлы. Ол «Алаш аманаты» күйіне би қойған. Ұжым осы бағдарламаны дайындау үшін 1,5 жыл уақыт жұмсаған. Бапкердің айтуынша, әсіресе лентамен шаңырақ құрып, оның құлағанын келтіру қиынға соққан.

Жалпы, қыздар осы күймен алғаш рет Эзербайжанда өткен әлем кубогында жүлделі орын алған. Ташкенттегі әлем кубогында да осы композицияны пайдаланған. Мамыр айында Сингапурде өткен Азия чемпионатында топ жарғаны бар. Олардың қатарында Аида Хәкімжанова, Жасмин Жүнісбаева, Мадина Мырзабай, Айзере Кенес, Айзере Нұрмағамбетова мен Кристина Цепульская. Дәл осы триумфтан кейін Меруерт Балғынбаева бірнеше арнаға сұхбат беріп, күйден рухтанғанын, әр қазақтың «Алаш аманатын» арқалау жолындағы миссиясы әртүрлі екенін атап өткен-ді.

«Шығармаларымды би қою үшін жазбаймын. Бұл – менің ұстанымым. Түсіністікпен қарасаныздар деймін. Мен арызқой да, пайдакүнем де емеспін. Бірақ шығармаларымды рұқсатсыз пайдаланғандарына қарсымын. Шығарманы тандағанда алдымен талдау жасау керек. Автор тірі болса, рұқсат алу қажет, өмірден өткен болса, мұрагерлерінен келісім сұралуға тиіс. Бұл жағдайда ешқандай рұқсат сұралмаған», — деді композитор Бауыржан Ақтай.

Күй авторының айтуынша, жаттықтырушы мен хореограф кез келген қойылымды сахналау кезінде пайдаланатын музыканы сүзгіден өткізуі керек. Әсіресе, автор құқығы сақталуға тиіс. Бұл жерде туынды иесі, біріншіден, автор құқығының сақталмағанына наразы. Екіншіден, күйді би қою үшін жазбағанын кесіп айтты.

Осы тұрғыда келгенде, Балғынбаеваның айтуынша, Гимнастика федерациясы мұндай жағдаймен бірінші рет бетпе-бет келген. Бұған дейін ешбір әуен иесі автор құқығы туралы шағым түсірмеген. Әрі көркем гимнастика бапкерлері шетел музыкасы мен қазақ әуенін мейлінше қолданған. Бірақ



КҮЙ ТӨҢІРЕГІНДЕГІ ДАУ

кейінгі жылдары қай спорт түрі болсын автордан рұқсат сұрау керегі айтылып жүр.

Мұндай жағдайда талай сында топ жарып жүрген Балғынбаева шәкірттері қайтпек? Алдымен, композитор Бауыржан Ақтайдың айтқанын орындап, «Алаш аманатын» бағдарламадан алып тастады. Бапкердің айтуынша, жаңа композицияны бағдарламаға икемдеу жұмысы басталып кеткен.

«Күйдегі Әлихан Бөкейханның «Қазакка қызмет етпей қоймаймын» деген сөзі қандай әсерлі?! Маған да осы тұсы қатты ұнады. Оның үстіне, жанкүйер тарапынан «қазақ бола тұра, неге қазақша әуенге билемейді» деген сын айтылды. Расында да, қаншама жыл басқа елдің әуенімен өнер көрсетіп жүрміз. «Неге әлемдік додаларда қазақтың күйін әуелетпеске» деп осы композицияға нөмір дайындалды. Негізі, қыздарға образды ашу үшін Алаш тарихын оқуға кеңес бердім. Өзім «Оян қазақ» фильмін көрдім. Жалпы, қазір елімізде



Күйдегі Әлихан Бөкейханның «Қазаққа қызмет етпей қоймаймын» деген сөзі қандай әсерлі?! Маған да осы тұсы қатты ұнады. Оның үстіне, жанкүйер тарапынан «қазақ бола тұра, неге қазақша әуенге билемейді» деген сын айтылды. Расында да, қаншама жыл басқа елдің әуенімен өнер көрсетіп жүрміз.



10 мыңнан астам қыз көркем гимнастикамен айналысады. Кейде бір нөмірде 4-5 әуенді пайдаланамыз. 10 мың қыз жаттығады десек, әр қыз төрт бағдарламада өнер көрсетеді. Сол бағдарлама ішінде кем дегенде 10 композитордың еңбегін пайдаланамыз. Сонда 10 мың қыз 100 мың композицияны алуы мүмкін. Жаттықтырушылар композиторлардың артынан жүре ме, әлде балаларды жаттықтыра ма? Бірақ бұдан былай отандық композиторлардан рұқсат сұраймыз», — деді бапкер Меруерт Балғынбаева.

Білікті бапкер композитордың «билейтін туынды емес» деген сөзінің төркінін қыздардың костюмімен байланыстыратынын айтады. Оның сөзіне, қыздардың осы костюмі 300 мың теңге тұрады. Ал жаңа киім тігу тағы да шығын. Сондықтан басқа әуен тауып, бағдарламаны соған лайықтайды.

Осы даудан кейін ел ішінде пікір екіге жарылды. Бірі композитор шешімін даттаса, кейбірі бапкердің автор құқығын бұзғанын алға тартады. Ішінде «Бұл күйді тойда да қосып жатады, одан да әлемдік аренада орындалғаны құп емес пе?» деген пікір де бар. «Қандай болса да, автор құқығынан аттап кетуге болмайды» деп бекінгендер де жетерлік. Бұл даудың төрешісі кім екенін де топшылай алмадық. Себебі мәдениеттанушылар мұндай пікірталастан бойын аулақ салуды құп көріп отыр. Десе де, «Бірінді қазақ, бірін дос, көрмесеністің бәрі бос» дейтін Абайдың сөзі ойға оралады. Көп өтпей екі жақ та шешімін табар.

Негізі, көркем гимнастика мен мәнерлеп сырғанау спортында гимнасттар әртүрлі әуенге «құда» түседі. Көбінесе, мәнерлеп сырғанаушылар Димаш Құдайбергеннің әніне бағдарламаға қосады. Тек ел ішінде емес, шетелде де аталған әншінің дауысын «пайдаланады». Мысалы, 2020 жылы жапон фигурисі Тсуеши Хонда Димаштың орындауындағы «S. O. S. d'un terrien en detresse» әнін бағдарламасына қосты. 2024 жылы жас санлақ Артур Смағұлов Қытайда өткен жастар арасындағы гран-приде Димаштың орындауындағы «Adagio-ны» еркін бағдарламаға енгізді. Харбинде өткен Азия ойындарында Софья Самодельника аталған әншінің Ave Maria және Stranger әнін еркін бағдарламасына арқау етті.

ҚУАН, ҚАЗАҚ ЕЛІ!

«Қайрат» тарихында тұңғыш рет Чемпиондар лигасының жалпы кезеңіне өтті. «Орталық стадионда» Шотландияның «Селтигін» қапы қалдырып, Еуропаға жорығын жалғастырды. Араға тура 10 жыл салып, қазақ баласы бәсі биік турнирге қайта оралды. Келтіретін қазақ жерінде жеңіске жете алмай келе жатқаны тағы бар.



ЕУРОПАҒА ЖОРЫҒЫ ЖАЛҒАСАДЫ

Иә, дәл 26 тамыз 2015 жылы «Астана» сырт алаңда «АПОЭЛ-мен» тең ойнап, ЧЛ-дің топтық кезеңіне жолдама алған еді. Арада 10 жыл өткенде «Қайрат» ерлеп, Брендан Роджерстің командасын еліне қайтарды. УЕФА ұсынған статистика бойынша, матчтағы ең жоғары ұпай Темірлан Анарбекке (4,8), одан кейін Еркін Тапаловқа (4,6) тиесілі. Жалпы, көшесі көшпес баққа апаратын қалада Уразбахтиннің шәкірттеріне бак қонды.

Матчты «Алатауфанс» перфомансындағы (road to Europe) Атилла көріп тұрғандай әсер қалдырды. Жанкүйер дем берді, білем, сол күні 38 жасқа толған Мартынович қамшы салдырмады. Тіпті, 90 минут түгесілуге таяғанда да жапонға (Маэдаға) жол бермеді.

Жоғарыда айтқан, 86 минутта қақпа бағанасы қазаққа жақ болды. Әйтпегенде, «Селтик» сол жерде Чемпиондар лигасының есігін қаққан-ды. Алайда қақпадан қиыс кеткен доп Темірланға болысып, жас таланттың күні туғанын меңзегендей. Өйткені ойын бойы таразыда бірде «жасылдардың» енді бірге «сары-қаралардың» мысы басты. Шабуылшы

реясы» еншісіне қалдырды. Осы сәтте бар қазақ жанын шүберекке түйді.

Қақпашы демекші, мына қызыққа қараныз. «Қайраттың» иесі Қайрат Боранбаев осы ойында данқты қақпашы Құралбек Ордабаевты бекер шақырмаған-ау. Клуб ардагерімен бірге отырып матч тамашалап, экс-қақпашы да Анарбекке батасын бергендей. Өйткені оны экс-Англия чемпионы Шмейхельдің мысы басқан жоқ. Төреші екеуіне қатар келіп, ережені тәптіштеп жатқанда қарсыласына көз қиығын да салмады. Оның жанында салмақ жинап алған Каспер кипақтап қалғандай. Оның үстіне, Тағыберген мен Абаттың әлегін ұмытпаса керек. Темірланға қарағанда оның жүйкесі сыр бергені байқалды. 77 нөмірлі ойыншының бірінші пенальтиді ойдағандай қайтаратынына кәміл сендік. Себебі пенальтиге аса сақтықпен дайындалғаны, осы сценарий бойынша жаттыққаны көрініп тұрды. Айданың соққысын қайтарғанда Алматы ұйқысынан оянды. Маккоуэнның қайда тебетінін тапқанда бірақпенЛЧ табалдырығын аттадық. Негізі, Энгельс пен Маккрегордың да қайда соққы бағыттайтынын да білді. Бірақ жете алмады. Десе де Маэданың көзқарасын «оқып», Еуропа лигасы жолдамасын «Селтигтің» қолына ұстатты. Сөйтіп, 21 жас-



Жоржиньо қиыннан қиыстырып гол соққысы келді-ақ бірақ болмады. Егор Сорокиннің сауатты пастарына қарап, көз сүйсінді. 26 минутта «Қайрат» жұмыла алға ұмтылып, әдемі шабуыл ұйымдастырды. Осы ойынға арнайы дайындалып, ем-домы бойына дарыған Мата да тосқауылын сәтті құрыпты. «Бәрін айт та, бірін айт» «Селтик» паркте болсын, үйде болсын қорғаныстан камал соққан Тапаловты айт. Еркін осы жолы да еркін көсіліп, қара жұмыстың бәрін істеді. Матч соңына қарай «Селтик» доп ампуласын өзгертіп, екінші қабаттан шабуылдауға кірісті. Қысымы айтарлықтай сезілді, білем. Қақпашы мен қорғаушылар «өліспей-беріспейміз» деп серттескендей. Қарсыластың төпелеген шабуылын, ойын динамикасын уақытында басып тұрды. «Слован» жерінде 120 минут айқасқандай, «Орталық стадионда» да белгіленген уақытта «тұрып» берді. Сөйтіп, айқұлақты трофейдің жолындағы тартысты кім жалғастырамын футбол «лото-

тағы академия түлегі «Қайраттың» атағын аспандатты.

Академия дегенде, бұл матчта тек Темірлан ғана емес, қорғаушы Мрынский мен Дамир Қасаболат, шабуылшы Рамазан Бағдат көзге түсті. Экстра таймда жартылай қорғаушы Олжас Байбекті көрдік. Мрынскийдің матч бойы ортаны бермегені, Рамазан Бағдаттың қақпадан асыра тепкен соққысы есте қалды. Осымен-ақ Бағдат өзінің болашағы бар ойыншы екеніне сендірді. Академия түлектерін көріп, жанкүйер де марқайып қалды.

Кош, «Қайрат» Чемпиондар лигасының жалпы кезеңінде сегіз ойын өткізеді. Қарсыластары 28 тамыз күні Монока қаласында анықталады. Бірінші себепте «Барселона», «ПСЖ», «Реал», «Манчестер Сити», «Бавария», «Ливерпуль», «Интер», «Челси» және «Боруссия» клубы бар. Осы аталған командалардың екеуі «Қайратқа» қарсыласа атанады. Жеребе жолдас болса, Еуропа алыптары Алматыға ат басын бұрады.

Бетті дайындаған Айзат АЙДАРҚЫЗЫ

AIQYN

Меншік иесі – «Айқын-Литер» ЖШС

Директор –
Талғат ЕШЕНҰЛЫ

Бас редактор –
Амангелді ҚҰРМЕТ

Гүлзина БЕКТАС –
Бас редактордың
бірінші орынбасары

Ботагөз МАРАТҚЫЗЫ –
Шығарушы редактор

Елдар ҚАБА –
Секретариат меңгерушісі

АЙМАҚТАҒЫ ТІЛШІЛЕР:
Абаал АЛПЫСБАЙҰЛЫ –
Ақмола облысы
Алтынай БАУЫРЖАНҚЫЗЫ –
Алматы қаласы
Саятхан САТЫЛҒАН –
Жамбыл облысы
Әдебиет БЕЛГІБАЙҰЛЫ –
Қарағанды облысы
Назгүл НАЗАРБЕК –
Шымкент қаласы
Жанат ҚАЙЫРЖОНИНА –
Батыс Қазақстан облысы
Ербақыт ЖАЛҒАСБАЙ –
Қызылорда облысы
Банн ЖАНҰЗАҚ –
Атырау облысы

**«АЙҚЫН» ГАЗЕТІНІҢ
ЖАЗЫЛУ ИНДЕКСІ:**

Кәсіпорындар,
мекемелер үшін – 15102
Зейнеткерлер,
соғыс ардагерлері үшін – 55102
Жеке жазылушылар үшін – 65102

ЖАРНАМА БӨЛІМІ:
8(707) 675-42-14, 8(7172) 72-95-31
reklatama.aikyn@gmail.com

ЖАЗЫЛУ ЖӘНЕ ТАРАТУ БӨЛІМІ:
8(771) 804-81-32
podpiska.alt@gmail.com

Газет аптасына 3 рет шығады

Газет «Айқынның»
компьютер орталығында беттелді

ТАРАЛЫМЫ: 40 000

Тапсырыс №4635
Астана қ. «Медиа-холдинг «ERNUR» ЖШС
Сілеті көшесі 30,
тел.: 8(7172) 99-77-77
Алматы қаласы, «Алматы-Болашақ» АҚ
Мұқанов көшесі, 223 Б
Шымкент қ. «ERNUR-print» ЖШС,
Әлімқұлов көшесі 22,
тел.: 8(7252) 53-06-66, 54-07-47 ішкі 114,